Мұны шетелдік ғалымдар Грэйб пен Каплан да қолдайды. Бірақ жазылымда маңызды бір ескерілетіні - оқушының алға ілгерлеуі. Дағдыдағы ілгерлеушілікті мұғалім анық байқап, оқушыны үнемі жоғары мақсаттарға жетелеп отыруы керек. Себебі білім мазмұнын жаңарту аясында жалпы оқушылардың жазылымды үйренуде алға ілгерілеуі – жалпы тілдік деңгейінің жақсаруының бір бөлігі деп белгілеген. Сонда ғана оқушыда дербес қасиеттер қалыптасатын болады. Бұл баланы бар лексикаларды қолдана отырып, өз ойын білдіруіне қолдау көрсетеді. Жазылым құрылымдары туралы сөз еткенде оқушыларға беретін және бір тиімді әдіс – «ПОПС» әдісі. «ПОПС» әдісімен сөйлемдер құрайды.

Бірінші сөйлем «Менің ойымша,...»

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мынадай қорытындыға келдім...»

«ПОПС» әдісі оқушыларға ойларын қағазға дәлелмен, дәйектермен жеткізуге, пікірлерін тұжырымдап жазуға ынталандырады. Бұл әдісті ары қарай эссе жазу дағдыларын жетілдіруге болады. Эссе жазуда да оның құрылымдарын сақтап жазудың маңызы зор. Сол арқылы оқушылар ойларын нақты, тиянақты жеткізуге үйренеді.

Оқушылардың жазылым дағдыларын жетілдірудің тағы бір тиімді тәсілі – өзін-өзі түзету парағы. Оқушылар дәптерлерін алмасу арқылы бір-бірінің жұмыстарын немесе түзету парағы арқылы жазғандарын тексеріп, өзгертуге мүмкіндік алады. Бұл тәсіл оқушылардың жазылым дағдыларын одан ары дамытуға мүмкіндік береді.

Жазылым- оқыту мен оқудың түпкі нәтижесі. Сондықтан бұл бағытта әлі де ізденіс пен талпыныстар қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана, Ақорда, 27 шілде 2007 ж. №319-3 РК// Білім беру мекемесі басшысының анықтамалығы 2007, №9

2 (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_).

3 ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2010 (http://nkaoko.kz/documents/law_of_education/).

4 Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016

5 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, Алматы 2000

6 Говорение как вид речевой деятельности <http://doshkolnuk.com/govorenie-kak-vid>

7 Резуанова Ғ.Қ., Шнайдер В.А., Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойындар. Оқу-әдістемелік құрал. – Павлодар: Павлодар Университеті, 2006-128 бет.

8 Әбдезұлы Қ., Тұрсынғалиева С., Қазақ әдебиеті - әдістемелік нұсқау. Орыс тілінде білім беретін мектепке арналған. Арман ПВ, 2012

КОМПОНЕНТЫ ГОТОВНОСТИ УЧИТЕЛЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ К РЕАЛИЗАЦИИ ГЕНДЕРНОГО ПОДХОДА В ОБУЧЕНИИ ШКОЛЬНИКОВ

ЕРОФЕЕВА Р. Ж.
магистр, докторант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
ПФЕЙФЕР Н. Э.
д.п.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В условиях смены образовательных стереотипов, быстро изменяющихся социальных, экономических условий, профессиональная деятельность значительно усложняется, предъявляя тем самым повышенные требования к работнику, актуализируются психологические ресурсы личности.

В современном образовательном пространстве готовность будущего педагога физической культуры к профессиональной педагогической деятельности является одним из главных требований, предъявляемых к будущим специалистам и определяет способность выпускника вуза быстро адаптироваться к практической профессиональной деятельности в быстро изменяющихся условиях современной системы образования.

Проблему готовности Л. И. Божович, А. В. Запорожец, Л. А. Венгер, И. Шванцар, Г. Вицлак рассматривали в связи с тремя основными этапами становления, формирования личности человека: начало обучения в общеобразовательной школе, начало

получения профессионального образования (профессиональное самоопределение) и самостоятельная профессиональная деятельность.

Студенческий возраст является сенситивным периодом для развития основных социогенных потенций человека [1], способствующим формированию направленности ума, склада мышления, профессиональной направленности, работоспособности и мотивации на самообразование. Новый статус предполагает и новую систему отношений и обучения, адаптируемых к условиям профессионально-педагогической деятельности, где адаптационные возможности формируются на дидактическом уровне (приспособление к новым условиям обучения); социально-психологическом (вхождение в новую социальную среду) и профессиональном (принятие ценностей будущей профессии и ориентация на непрерывность образования в течение всей жизни). Профессиональная готовность определяется выработкой «знаний в действии», т.е. умений и навыков, которые характеризуются последовательностью разворачивающихся педагогических действий на основе теоретических знаний и единства умения мыслить и действовать.

Таким образом, понятие профессиональной готовности рассматривается как категория теории деятельности и понимается, с одной стороны, как результат процесса подготовки, с другой – установки на что-то. Под готовностью будущего учителя физической культуры к реализации гендерного подхода в обучении школьников, мы понимаем системное образование личности педагога, интегрирующее в себе: знание основ гендерной педагогики, потребность и умение применять их в практической профессиональной деятельности по физическому воспитанию школьников, способность решать задачи этой деятельности на высоком компетентностном уровне, стремление к саморазвитию и самореализации в данном направлении.

Говоря о готовности, мы не можем не выделить компоненты профессиональной готовности учителя физической культуры.

Анализу диссертационных работ показал, что данной темой занимались многие ученые, но никто не изучал готовность учителей физической культуры. В. В. Дудукалов в полоролевом воспитании студентов первых курсов рассматривает следующие компоненты – когнитивный, рефлексивно-оценочный, личностно-смысловой [2]; И. А. Загайнов в процессе формирования гендерной компетентности

будущего учителя основывается на компонентах – мотивационно-ценностном, когнитивном, поведенческом [3]; Т. Е. Овчинникова применяла гендерный подходе в обучении студентов иностранному языку, и определяла следующие компоненты: когнитивный, эмоциональный, деятельностный (коммуникативно-речевой) [4]; М. А. Толстых изучала гендерную идентичность студентов младших курсов вузов, и выделила интеллектуально-когнитивный, эмоционально-смысловой, рефлексивно-регулятивный компоненты [5]; С. В. Рожкова, при изучение гендерных особенностей педагогической культуры учителя, выделяла компетенции – личностно-смысловую, социально-культурную, профессионально-исследовательскую, коммуникативную, информационную, гендерную, а они, включали в себя такие компоненты, как содержательный, рефлексивный, организационный [6].

Анализ перечисленных выше методологических подходов стал основополагающими при разработке компонентов готовности будущего учителя физической культуры к реализации гендерного подхода в обучении школьников. В этой связи мы рассматриваем готовность как целое, состоящее из пяти структурных компонентов: личностно-смыслового, мотивационно-ценностного, информационно-теоретического, действенно- практического, рефлексивно-оценочного. Каждый из данных компонентов обладает специфичным только для него содержанием и выполняет свои функции. Рассмотрим выделенные компоненты.

Личностно-смысловой компонент готовности предполагает наличие у будущего учителя физической культуры:

- личностного отношения к идеям о предназначении мужчины и женщины в обществе, их социальной роли;
- отношение к своей личности как представителю определенного пола;
- психолого-педагогической готовности к пониманию, принятию и признанию различных типов гендерной идентичности, многообразия проявлений гендерного поведения, гендерная толерантность.

Мотивационно-ценностный компонент готовности будущего учителя физической культуры характеризуется:

- наличием интереса к проблеме гендерного подхода в образовании;
- системой ценностных ориентаций, определяющих отношение к деятельности по реализации гендерного подхода в обучении

школьников физической культуры, а также профессионально-личностных качеств, обуславливающих выбор способов педагогической деятельности, ее содержание и соответствие гендерному подходу в обучении школьников;

- мотивацией к профессиональному самосовершенствованию и саморазвитию в данном направлении;

- принятием или отторжением гендерных стереотипов и гендерных норм как ориентиров в конструировании гендерного взаимодействия с учащимися и коллегами.

Информационно-теоретический компонент готовности является теоретической основой для формирования данной готовности.

С теоретической позиции выделяем содержание образования, которое состоит из:

знаний о сущности понятия «гендер» и гендерных особенностях субъектов образовательного процесса, включающих в себя: основные понятия («пол», «гендер», «дифференциация полов», «маскулинность», «фемининность», «андрогинность», «гендерные особенности» и др.);

ценностно-ориентирующие знания (осознание ценности, роли и места каждого человека в обществе независимо от его пола, сформированность общечеловеческих и профессиональных ценностей);

социально-правовые и экономические знания (знание законодательства по вопросам равноправия мужчин и женщин в обществе, по вопросам трудоустройства и ситуации на рынке труда, спросе и предложениях на различные профессии, проявлении ответственности за будущее страны и др.);

психолого-педагогические знания (знания о различных проявлениях мыслительных и психических процессов школьников – мальчиков и девочек, об особенностях познавательных способностей обучаемых, психологии взаимоотношения полов и др.);

биолого-физиологические знания (возрастные и анатомо-физиологические особенности мальчиков/мужчин и девочек/женщин и др.);

этические знания (нравственные понятия, относящиеся к уважительному отношению между представителями разного пола и гендера, знание норм поведения в обществе и др.);

методико-педагогических знаний (знания о специфике и основных направлениях осуществления гендерного подхода в обучении школьников физической культуре, знания о методах гендерной диагностики учащихся).

Действенно-практический компонент готовности включает в себя наличие практических умений и навыков, необходимых в профессионально- педагогической деятельности будущего учителя физической культуры для реализации гендерного подхода в обучении школьников. Учителю как субъекту данной деятельности необходимы:

- общепедагогические умения (организаторские (мобилизационные, информационные, развивающие, ориентационные) и коммуникативные (перцептивные, вербального общения и педагогической техники));

- технологические умения (умения выполнять различной степени сложности упражнения как для мальчиков, так и для девочек; умения по выполнению домашних обязанностей и самообслуживанию, обустройству своего быта, рациональному ведению домашнего хозяйства; оказанию помощи в выборе будущей профессии и др.);

- умения по воплощению методов реализации гендерного подхода, а именно: владение методиками гендерной диагностики учащихся; владение методами реализации гендерного подхода в обучении школьников; умения организовывать учебный процесс на основе идей гендерного равенства и взаимодействия полов; умения корректировать воздействие гендерных стереотипов школьника в пользу проявления и развития его способностей при выборе деятельности.

Важность действенно-практического компонента готовности будущего учителя обусловлена тем, что учитель является основным агентом социализации в рамках школьного образования и оказывает большое влияние на формирование у учащихся представлений о качествах мужчины и женщины, их ролях, видах профессиональной деятельности, некоторые из которых учащиеся осваивают на уроках физической культуры.

Рефлексивно-оценочный компонент готовности будущего учителя физической культуры предполагает наличие у него:

- способности к рефлексии своей педагогической деятельности по реализации гендерного подхода в обучении школьников физической культуре;

- определенного уровня развития самооценки (осознания своих возможностей, способности изменить их);

- готовности к самоанализу и самокоррекции.

Обобщая предпринятый анализ научной психолого-педагогической литературы с целью определения сущностной и структурно-содержательной характеристик готовности будущего учителя физической культуры к реализации гендерного подхода в обучении школьников отметим, что данная готовность определяется как закономерный результат профессиональной подготовки, являющийся системным образованием личности педагога, и представляет собой единство взаимосвязанных структурных компонентов: личностно-смыслового, мотивационно-ценностного, информационно-теоретического, действенно-практического, рефлексивно-оценочного.

ЛИТЕРАТУРА:

- 1 Григоренко Л. В. Формирование готовности студентов педагогического вуза к профессиональной деятельности в процессе самостоятельной работы : дис. ... канд. пед. наук /Л. В. Григоренко. – Кривой рог, 1991. – 185 с.
- 2 Дудукалов В. В. Педагогические условия полоролевого воспитания студентов младших курсов вузов [Текст] : дис. ... канд. пед. наук / В. В. Дудукалов. - Волгоград, 2002. – 156 с.
- 3 Загайнов И. А. Формирование гендерной компетентности педагога в процессе профессиональной подготовки [Текст] : дис. ... канд. пед. наук / И. А. Загайнов. – Йошкар-Ола, 2007. – 196 с.
- 4 Овчинникова Т. Е. Гендерный подход в обучении студентов университета иностранному языку [Текст] : дис. ... канд. пед. наук / Т. Е. Овчинникова. – Оренбург, 2007. – 206 с.
- 5 Толстых М. А. Становление гендерной идентичности студентов младших курсов вузов [Текст] : дис. ... канд. пед. наук / М. А. Толстых. – Волгоград, 2006. – 221 с.
- 6 Рожкова С. В. Гендерные особенности педагогической культуры учителя [Текст] : дис. ... канд. пед. наук / С. В. Рожкова. – Ростов-на-Дону, 2006. – 212 с.
- 7 Горшкова Т. А. Формирование готовности будущего учителя технологии к реализации гендерного подхода в обучении школьников [Текст]: дис. ... канд. пед. наук/Т. А. Горшкова. – Ульяновск, 2010. – 212 с.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАСЫРМАЛАРДЫ ӨЗІРЛЕУ

ЕСМАҚАЕВА Г. Б.
магистрант, мұғалім, С. Торайғыров атындағы ПМУ,
№ 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі мектепте басым мақсат: қоршаған ортамен белсенді қарымқатынасқа түсуге, өз бетімен білім алып, өзін өзі дамытуға дайын тұлғаны дамыту. Өз бетінше оқуға қол жеткізу үшін баланың өз бетінше бақылаубағалаушылық қабілетінің болуы маңызды. Яғни оның өзінің қызметін бақылауға және бағалауға дайындығы мен қабілеті, пайда болған қиындықтардың себебін анықтауы мен жою алуы. Бүгінгі бағалау жүйесі білім берудің оқыту парадигмасының аясында өзірленіп, білім беру процесін емес білім алу процесінің нәтижесін көрсетеді [1, 4 б.].

Қазіргі кезде ел мектептерінде оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау қолданысқа ие, себебі бұл тәсіл барлық процеске қатысушыларға оқу материалының игерілу деңгейін түсініп, кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Кері байланыс қаншалықты мазмұны терең болса, соншалықты оған әсері сындарлы бола түспек [1, 35 б.].

«Ұлттық білім беру саясатына шолу. Қазақстандағы орта білім беру» (2014) ЭЫДҰ есебінде сыныпта жүргізілген бағалаудың жиілігін арттыру, маңыздылығын, сапасын жетілдіруге бағытталған шаралар реті ұсынылған. Сондай-ақ, критерийлер негізінде бағалау жүйесін енгізу, жоғары ойлау деңгей дағдыларына қатысты бағалау критерийлерін ақтау, мұғалімдерді даярлау, білім берудің әр кезеңінде ұлттық стандартталған тестілеу өткізу, мәліметтерді сенімді жинақтау, тиімді жүйе құру және т.б. Бұл ретте өткізілген бағалаудың нәтижелерін тиімді қолдану қажеттілігі ескертіледі [3, 12 б.].

Түрлі деңгейдегі тапсырмалар – білім алушының қабілетін есепкне ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

Критериалды бағалау төмендегідей қағидаттарға (принциптерге) негізделеді:

- Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Демек, неге және қалай оқытады, білім алушының қажеттілігі қандай және

бағалау тәжірибесінде жүзеге асыруға қажетті нәтижелерге жетуге қалай көмектесуге болады деген сұрақтарға жауап іздеу.

- Шынайылық, анықтық және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділік бар. Объективтілік, анықтық, валидтілік жиынтығы бағалаудың сапасын анықтайды. Барынша мазмұнды сипаттаманы бағалауды қаншалықты дұрыс өткізетінімізді және нақты нені өлшейтінімізді бағалаудың валидтілігі ұсынады. Аталған қағидатты жүзеге асыру: нені бағалау қажеттігін нақты түсіну және анықтауды; бағалау критерийлерін құрастыру және негіздеуді; тапсырмаларды құрастыру және рәсімдерді жоспарлауды көрсетеді.

- Ашықтық және нақтылық. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады. Аталған қағидат мақсаттар мен бағалау рәсімдерінің түсінікті, нұсқаулықтың анық және нақты, нәтижелердің пайдалы және қолжетімді болуын болжайды. Бағалау үдерісінде оның мақсаттылығы мен дұрыстығы еш күмән тудырмауы тиіс. Өз кезегінде білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы өзара әрекет пен сенімге қол жеткізу олардың қызығушылығын арттыру және оқу нәтижесіне оң әсер етуге ықпал етеді.

- Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады. Бағалау үдерісінің тұрақтылығы рәсімдер арасындағы өзара байланысты негіздейтін және бірыңғай білім беру жүйесін құратын қалыптастырушы бағалау, балл қою кестесі механизмін қолдану және жиынтық бағалаудың кестесін белгілеу әрекеттері арқылы қамтамасыз етіледі.

- Дамытуға бағыттылық. Бағалау білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады. Бағалау білім алушылардың қандай білім мен дағдыларды меңгергені туралы ақпараттарға талдау жасауға және жинақтауға негізделген білім беру үдерісінің алдағы уақыттағы қадамдары туралы негізгі шешімді қабылдауына мүмкіндік береді [4, 16 б.].

Қалыптастырушы бағалау үдерісін білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес және тиімді жоспарлау үшін мұғалімге оның формасын, мазмұнын, жиілігін, сондай-ақ құралдарын өз бетінше анықтау мүмкіндігі беріледі.

Мұғалім оқу үдерісіне және қалыптастырушы бағалауға оқу бағдарламасына сәйкес барлық оқу мақсаттарын енгізуі қажет. Сол үшін мұғалімге көмек ретінде оқу мақсаттары бойынша бағалау критерийлері, дескрипторлары бар тапсырмалар үлгілері берілген қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы дайындалды. Қалыптастырушы бағалаудың жинақтары сабақты жоспарлау кезінде тапсырмаларды іріктеу үшін дереккөздері ретінде қолданылады және басып шығару талап етілмейді. Қалыптастырушы бағалаудың тапсырмаларын өз бетінше құрастыру үшін мұғалімге:

- оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;
- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;
- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады. Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады [3, 16 б.].

Ашық сұрақтар талдауды және бағалау ақпараттарын талап етеді, қиялдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырады.

Сұрақты дұрыс қойғанда өз ойын айтуға, ақпарат алмасуға, диалогтік оқуды дамытуға, маңызды кезеңдерге назар аудартуға, оқудағы бастамашылдығын қолдауға мүмкіндік беруі, қызықтыруы мүмкін. Осылайша, сұрақ білім алушы қалайтындай, жауап бере алатындай немесе оқуда, жауап іздеуде қызықтыратындай берілуі қажет. Алайда сұрақты қолдану кезінде кейбір пікір білдірілмейтін, толықтырылмайтын, жауап алу ұзаққа созылатын сұрақтар механикалық түрде қайталана берген жағдайда қиындықтар туындауы мүмкін (Геффрой Э. К., 1997) [2, 28 б.].

Осындай қателіктердің алдын алу үшін:

- негізгі және екінші кезектегі мәселелер көтерілген, жетекші және басқа да сұрақтарды қою;
- егер білім алушылар тапсырма жауабын білетінін алдын ала білсеңіз ондай сұрақтарды қоймау;

- сұрақты қысқа етіп құрастыру, әр білім алушы үшін түсінікті, қисынды болуын қамтамасыз ету;

- әлсіз тұстарын анықтауға бағытталған, білім алушыларға өздерінің қателескен тұстарын анықтай алуға мүмкіндік беретін сұрақтар құрастыру;

- оқытудың тиімділігін арттыратындай сұрақтарды алдын ала жоспарлау ұсынылады. Сондай-ақ, қашан, қандай сұрақтарды қоюды, мүмкін жауаптарды, қате жауаптарды қалай жөндеуге болатынын, күтпеген сұрақтарды қалай қабылдайтынын, жауапты қалай жақсартуға болатынын анықтау да ұсынылады [2, 32 б.].

Блум таксономиясы оқуды күрделілік деңгейінің өсуі бойынша алты танымдық деңгейге бөлінеді. Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы бойынша жіктеуде бағалау критерийлерін құруда мұғалім басшылыққа алатын зат есім мен етістіктерді дұрыс қолдану маңызды.

1 Оқу мақсаты: 8.6.1.2 Елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады

Бағалау критерийі: Мемлекеттерді басқару формасы бойынша жіктейді

а) конституциялық монархия елдерін анықтаңыз

Бутан, Оман, Қырғызстан, Франция, Испания [1]

б) абсолюттік монархия елдерін анықтаңыз

Германия, АҚШ, Сауд Арабиясы, Бруней [1]

Қорытынды: Нұсқау карапайым, дәл және қысқа. Қысқа жауап, ұпайы нақты көрсетілу қажет.

2 Оқу мақсаты: 8.3.2.1 климат түзуші факторларды талдайды

Бағалау критерийі: Климат элементтерін, климатты қалыптастырушы факторларды анықтайды [4].



Сурет 1

	тура күн радиациясы	жиынтық күн радиациясы	шашыранды күн радиациясы	шағылысқан күн радиациясы
адамға				
аққалаға				
ұшаққа				
итке				

Қорытынды: Оқушының жас ерекшелігі ескеріле отырып, тапсырма түсінікті, қолжетімді берілуі қажет. Когнитивті дағдыны дамыта отырып, сыни ойлауға арналғаны жөн.

3 Оқу мақсаты: 8.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша камту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді

Бағалау критерийі: Адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін жіктейді

а) климаттың адамзат шаруашылығына жағымды әсерін атаңы [1].

б) климаттың адамзат шаруашылығына жағымсыз әсерін топтастырыңыз [1].

с) кәсіпорындар атмосфера ластануын төмендету үшін сіздің ұсынысыңыз [1].

Қорытынды: Берілген тақырыптың түрлі аспектілерін ашып көрсете отырып, өз көзқарасын аргумент түрінде келтіру, мәселені шешу жолдарын ұсына алатындай бағыттау қажет.

Тапсырма нақтылықты көрсетуі қажет. Түрлі командалық сөздерді қолдана отырып, әрекеттер сипаттамасы тұспа тұс келгені дұрыс болады.

Оқыту тек білім берудің төңірегінде ғана болмайды, ол оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына да тікелей қатысты болады. Оқытудың қаншалықты табысты, ойдағыдай өтетіні, сондай-ақ, білім алушылардың қандай қиындықтарды басынан өткізетіндігі туралы ақпаратты мектептің тиімді бағалау жүйесі көрсетеді.

Ашық тапсырмалар түрлері оқушының тапсырманы орындау кезінде қажетті деңгейдегі оқу нәтижелеріне жақындауға

мүмкіндік бере отырып, әр сатыда білім деңгейінің сапасын қамтамасыз етеді. Білім алушылар өзінің біліміндегі ақаулықтарын өз бетінше және саналы анықтап, мұғаліммен бірге оларды жою бойынша жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар, ашық тапсырмалар түрлері жеті түйінді құзыреттіліктер негізінде жеке тұлғаның тұтас дамуы үшін іргесін қалауы қажеттілігіне негізделген, ал бағалау жүйесі болса, білім мазмұнының жаңару үрдісіне сәйкес келуі тиіс. Педагогикалық технология түрі пәндік білімнің неғұрлым сапалы және саналы түрде меңгерілуіне, біліктілігі мен қабілеттерін мақсатты түрде қалыптастыруға ықпал етуіне, пәнді оқып-білу қабілетінің дамуына, оқушылардың психикалық және шығармашылық дамуының оң әсеріне, тәуелсіздік, белсенділік, жауапкершілік өсуіне бастама болады. Тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген, білім алушылардың мүмкіндігін, қажеттіліктерін есепке ала отырып, бейімдеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әдістемелік құрал. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериялы бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.

2 Тренерге арналған нұсқаулық. «География» пәні бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. – Астана, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. -136 б.

3 Критериялы бағалаудың кіріктірілген моделі әдістемелік ұсыныстар. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. Білім сапасын бағалау департаменті. – Астана, 2013 ж. – 36 б.

4 О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденова. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериялы бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал.– Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.

5 Тренерге арналған нұсқаулық. «География» пәні бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. – Астана, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. -136 б

СИТУАЦИОННАЯ МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ. КЕЙСЫ

ЖАНГАЗИНА З. Ш., БЕЙСЕНБАЕВА Ж. Ш.
учителя, СОШ № 10, г. Екибастуз

Одним из прогрессивных методов обучения, способных формировать функциональную грамотность, является кейс-метод, который позволяет перейти к ситуационной методике обучения. Общеизвестной родиной кейс-метода является Гарвардская школа бизнеса (20-е годы XX века).

Конкретная ситуация, включаемая в кейс-метод, — это описание определённых условий из жизни, ориентирующее учеников на формулирование проблемы и поиск вариантов её решения.

Для работы учащимся представляется письменная информация о ситуации, которая может быть произвольного объёма и степени подробности. В ней также фиксируется фактическая сторона дела: что, где, когда происходит, кто включён в ситуацию, каковы внешние условия и дополнительные ограничения, влияющие на ситуацию.

В настоящее время различают три основные структуры описания ситуации кейса: временная, сюжетная и разъяснительная. Любая ситуация в кейсе должна происходить во времени. Поэтому учащиеся, работающие с кейс-материалом, должны чётко представлять, в какой временной последовательности происходят события, изложенные в кейсе. В свою очередь, сюжетная линия кейса определяет интерес учащихся, их увлечённость материалом. Разъяснительная структура кейса заключается в том, что изложенная ситуация в кейсе должна быть понятна.

Мы разработали и апробировали мини-кейс по математике «Решение практико-ориентированных задач». В данном кейсе, ориентированном на учащихся 8 класса, приводятся различные задания, погружающие учащихся в реальность. Для решения данной проблемной ситуации, учащиеся должны были предложить наиболее дешёвый и наиболее дорогой вариант покупки; различную комплектацию скейтборда; рациональное использование имеющихся средств; рассчитать оптимальный угол наклона при прыжке.

Для адекватной оценки результатов работы учащихся над кейсом была применена критериальная система оценивания. В

систему оценивания работы над кейсом включается ряд таких важных критериев, как умение сформулировать и обосновать проблемы, предложить способы их решения, творчески подойти к выполнению заданий кейса. Не менее важны также самостоятельность подхода, чёткое и ясное представление результатов выполнения кейса, аргументированность, логичность и демонстрация владения информацией.


Тема: Решение практико-ориентированных задач.

Мини-кейс

Медет не очень усердный ученик. Школу посещает скорее по принуждению. Усилия всей семьи направлены на то, чтобы дать Медету престижное высшее образование, хотя он еще учится в 8 классе. Тесты ВОУД и ЕНТ содержат много практических задач, связанных с реальной жизнью, однако в учебниках таких заданий нет. Родители опасаются, что сын не сможет сдать экзамены, и решают «погрузить его в реальность». Медет большой любитель кататься на скейтборде. Он получает задание зайти в магазин «Всё для спорта», чтобы выяснить цены на некоторые товары.

Таблица 1

Товар	Цена в тугриках (денежная единица)	
Собранный скейтборд	82 или 84	
Платформа	40, 60 или 65	
Один комплект из 4 колес	14 или 36	
Один комплект из 2 держателей колес	16	

Один комплект металлических и резиновых деталей скейтборда (подшипники, резиновые прокладки, болты и гайки)	10 или 20	
---	-----------	---

Вопрос 1. Медет захотел сам собрать для себя скейтборд. Какую наименьшую и какую наибольшую цену можно заплатить в этом магазине за все составные части скейтборда?

Вопрос 2. В магазине предлагаются на выбор три различных вида досок, два различных комплекта колес, два различных комплекта металлических и резиновых деталей. При этом имеется только один выбор комплекта держателей колес. Сколько различных скейтбордов может собрать Медет из предлагаемых составных частей?

A. 6 B. 8 C. 10 D. 12

Вопрос 3. У Медета 120 тугриков, и он хочет собрать самый дорогой скейтборд, который может себе позволить на эти деньги. Сколько денег он может истратить на каждую из 4 частей скейтборда?

Вопрос 4. Скейтбордист прыгает на стоящую на рельсах платформу, со скоростью $v = 3$ м/с под острым углом α к рельсам. От толчка платформа начинает ехать со скоростью

$u = \frac{mv}{m + M} \cos \alpha$ (м/с), где $m = 80$ кг – масса скейтбордиста со скейтбордом, а $M = 400$ кг – масса платформы. Под каким максимальным углом α (в градусах) нужно прыгать, чтобы разогнать платформу не менее чем до 0,25 м/с?

Предполагаемые решения задач


Вопрос 1. Наименьшая цена складывается из наименьших цен составляющих скейтборда: $40+14+16+10=80$ тугриков. Наибольшая цена складывается из наибольших цен составляющих скейтборда: $65+36+16+20=137$ тугриков.

Ответ: 80 тугриков, 137 тугриков.

Вопрос 2. К каждому из трех видов платформ можно подобрать два вида колес. Получается шесть различных комбинаций платформ и колес. К каждой из этих комбинаций комплект держателей подбирается одним единственным способом. Значит, есть шесть

комбинаций платформ, колес и держателей колес. К каждой из этих комбинаций комплект деталей подбирается двумя способами. Итого получается двенадцать способов сборки скейтборда.

Изобразим схематично сборку скейтборда:



1-й способ. Самый дорогой скейтборд стоит 137 тугриков. У Медета только 120 тугриков, ему надо сэкономить как минимум 17 тугриков. На платформе можно сэкономить либо 5 (что недостаточно), либо 25 тугриков, на колесах – 22, на комплекте деталей – 10 (что тоже недостаточно). В сочетании экономия составляет либо более 22 тугриков, либо 15 тугриков (что также недостаточно). В итоге, минимальную экономию, составляющую не менее 17 тугриков, можно осуществить на колесах. Самый дорогой скейтборд со стоимостью не более 120 тугриков собирается из платформы за 65, колес за 14, держателей колес за 16 и комплекта деталей за 20 тугриков.

2-й способ. Выпишем таблицу, сколько Медет может сэкономить на деталях самого дорогого скейтборда.

Таблица 2

Деталь скейтборда	Экономия
Платформа	5 или 25
Комплект колес	22
Комплект деталей	10

В сочетаниях экономия может составить 5, 10, 15, 22, 25, 27, 32 и более тугриков. Наименьшая возможная экономия, большая семнадцати, составляет 22 тугрика (экономия на комплекте колес).

Ответ: 65 тугриков на платформу, 14 – на колеса, 16 – на держатели колес, 20 – на комплект деталей.

Вопрос 4. Задача сводится к решению неравенства $\mu \geq 0,25$ на интервале $(0^\circ; 90^\circ)$ при заданных значениях массы скейтбордиста $m = 80$ кг и массы платформы $M = 400$ кг:

$$\mu \geq \frac{1}{4} \Leftrightarrow \frac{m}{m+M} v \cos \alpha \geq \frac{1}{4} \Leftrightarrow \frac{80}{80+400} \cdot 3 \cdot \cos \alpha \geq 0,25 \Leftrightarrow$$

$$\Leftrightarrow \frac{1}{2} \cos \alpha \geq \frac{1}{4} \Leftrightarrow \cos \alpha \geq \frac{1}{2} \Leftrightarrow 0^\circ < \alpha \leq 60^\circ$$

Ответ: 60.

Рефлексия:

Попробуйте понять, для чего лично Вам может пригодиться сегодняшнее занятие?

Есть ли особенности при подготовке к экзамену по математике? Следует ли уделять одинаковое внимание всем учебным предметам или сосредотачиваться на изучении только некоторых?

Какие возможные выгоды от вашей совместной работы Вы способны почерпнуть?

Какая информация для нас является ценной, а какая – полезной? Забываем ли мы с течением времени ценную или полезную информацию?

Можно ли задания так переформулировать, чтобы свести к известным вариантам?

Зачем нужна математика спортсмену?

Стоит ли при подготовке пользоваться компьютером как инструментом для получения, представления, обработки информации?

Являются ли задачи с практическим содержанием из практики ВОУД, ЕНТ отражением реальных ситуаций?

Можно ли, проанализировав задачу, подготовиться к решению целого набора заданий?

Живя в обществе, будучи просто потребителем, ты подходишь к оценке ситуации иначе, чем производитель?

Таким образом, кейс-технологии развивают умение:

- анализировать и устанавливать проблему;
- четко формулировать, высказывать и аргументировать свою позицию;
- общаться, дискутировать, воспринимать и оценивать вербальную и
- невербальную информацию;

- принимать решения с учетом конкретных условий и наличия фактической информации.

Кейс-технологии помогают:

- понять, что чаще всего не бывает одного единственно верного решения;

- выработать уверенность в себе и в своих силах, отстаивать свою позицию и оценивать позицию оппонента;

- сформировать устойчивые навыки рационального поведения и проектирования деятельности в жизненных ситуациях.

Кейс-метод, в отличие от многих традиционных методов обучения, позволяет учащемуся применить полученные теоретические знания к практической ситуации, и, понять, с одной стороны, что они получены не зря, а с другой – что реальный мир весьма далёк от мира теоретических моделей. Разбор кейсов способствует активному усвоению знаний и накоплению определённого багажа практической информации, которая может оказаться в жизни более полезной, нежели теоретические знания. Также в процессе разбора кейсов развиваются аналитические, творческие и коммуникативные навыки, крайне необходимые в современном мире.

ЛИТЕРАТУРА

1 Бухаркина М.Ю., Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие. – М.: Академия, 2010. – 368 с. [1, с. 44-52]

2 Маргвелашвили Е. О месте «кейса» в российской бизнес-школе. // Обучение за рубежом. – 2000. – № 10. [2, с. 16-18]

3 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с [3, с. 76-80]

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІН ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

ЖЕТПІСБАЕВА Г. К; КАМЗИНА А. Д
мұғалімдер, № 10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады» ұлы ақын Абай сөзі барлық уақытта

өз мәнін қосады. Білім – қоғамды әлеуметтік мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Бүгінгі білім беру сапасы- бұл біздің қоғамымыздың ертеңі. Сондықтан біздің еліміздің болашағы, мұғалімнің шығармашылығына байланысты. Мұғалім қазіргі кезде тек ақпарат берумен ғана емес, оқушының ізденіс қызметінің көмекшісі болуы керек. Осы бағытта оқытудың жаңашаланған технологиялары маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Жаңартылған білім мазмұнында үш басымдық бар: олар – критериялды бағалау жүйесі: шиыршық жүйесімен оқыту (оқыған тақырыбынды түпқазыққа орала отырып дамыта түсу), саралау, топтық білім алуда, оқушылардың бірін-бірі қолдауына мүмкіндік көп беріледі. Сөздік қолданысқа «дескриптор» деген термин енуде, бұл-жұмысты орындаудың қадамдары, онда нақтылық бар. Тағы бір атап өтерлігі, бағалау критериялды түрде, шынайы жүретіндіктен, бала да күтілетін нәтижені біліп отырады.

Қазіргі кезеңде ұстаздың алдында тұрған маңызды, жауапты міндеттердің бірі – оқушыға тиянақты білім беру. Білім беруде оқушылардың жас ерекшеліктеріне көңіл бөліп, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап алу.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі. Оқушы жетістіктерін критериялды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді:

Әрбір оқушының сабақ үдерісіндегі әр кезеңіндегі дайындық деңгейін анықтау;

Білімді меңгерудің жыл аяғындағы ғана емес, күнделікті білім алудың даму динамикасын айқындауы;

Оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. Бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы;

Оқушы білімінің жүйеленуі, тереңдеуі, есте сақтауы. Оқушыны табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеуі;

Білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;

Оқушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпаратын алуы;

Оқушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы (өзіндік жұмыс, ағымдағы бағалау, қорытынды бақылау, тренинг, үй жұмысы, шығармашылық т.б.).

Оқушының білімін ағымдық және қорытынды бағалау;

Сабақ үрдісінде көбінесе оқушылармен бірлесіп, ұйымдасқан жұптық, топтық жұмыс барысында белсенді әдістерді қолдану өте тиімді. Бұл әдістердің ішінде ерекше орын алатыны – диалог әдісі. «Диалог әдісі» арқылы оқушылардың ауызекі сөйлеуі, қарым-қатынас жасауы, сұрақ-жауапқа түсуі, әңгімелесуі, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Бұл жерде мұғалім, бақылаушы, бағдаршы рөлінде. Бастауыш сыныптарда жұмыс жасағандықтан «Мозайка» әдісі өте тиімді әдістердің бірі. Бұл әдіс сабақтың ұйымдастыру кезеңінде қолданылады. Өйткені оқушылар берілген тапсырманы мозайка әдісіне сала отырып, қызығушылықтары артады, сөйлеу тілі дамиды.

Тағы бір жаңа әдіс бұл «Хикая картасы» әдісі. Бұл әдісті топтық жұмыс барысында қолданамыз. Бұл әдістің тиімділігі сол – барлық оқушы қамтылады. Бірі суретін салып жатса, қалғандары өз іштерінде талдап, бір шешімге келіп, бірін-бірі тыңдап, өз ойларын айтып жатады.

Жаңартылған білім берудегі жаңа әдістердің сабақта тиімді өтудің бір ерекшелігі әр тапсырмаға бағытталып жасалған критерийлерге байланысты. Оқушылар сол критерийлерге сүйеніп жұмыс істеу барысында ізденіске түседі, шығармашылық қабілеттері дамиды.

Менен сұрап қалады-ау деген қорқыныш сезімінен арылады;

Топ болып жауап беруге үйренеді;

Уақыттары қызықты әрі тиімді өтеді.

Жаңа әдістер арқылы жасалған жұптық, топтық жұмыстарда бос отыратын оқушы болмайды.

- Оқушы өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады;

- Оқушының жеке қабілеті айқындалады;

- Іштей бір-бірінен қалмауға тырысады, әсіресе төмен оқитын оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады.

- Сабақта белсенділік жоғарылайды;

- Сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды;

- Дұрыс сөйлемдер құрауға дағдыланады;

Сөйлеу тілі қалыптасады.

Сабақтың барсынды АКТ-ны пайдалану өте тиімді. Оқушылар тыңдаған мәтіндерін өз ойларымен жеткізеді, тіл байлықтары артады.

Жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушылармен жүйелі, тиімді жұмыстар жасалады.

Оқыту технологиясында қазақ тілі мен әдебиеттен берілітін білім мазмұны да, оқытатын мұғалім қолданатын әдістер де, қосымша дидактикалық және техникалық құралдар да барлығы бірімен-бірі тығыз байланысты, үйлесіммен қолданылады.

Мұғалім осы жоспардағы іс-әрекеттің дұрыс таным логикасымен басшылық етуі тиіс екені белгілі және де орындаған жобаға өз тарапынан пікір беруі керек.

1) Қызығушылықты ояту-жаңа сабақты түсіндіру кезіндегі үйрену процесі. Бұл бұрынғы білетінмен жаңа білімді ұштастырудан тұрады.

2) Мағынаны тану-жаңа сабақты бекіту процесі. Берілген жаттығуды, мәтінді оқып, тақырып бойынша жұмыс жүргізіледі.

3) Ой – толғанис сабақты қортындылау кезеңі оқушы не үйренгенін саралап, салмақтап оны қалай қолдану керектігін түсінеді.

Педагогикалық технология оқу үрдісімен мұғаліммен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оның құрылымына мыналар кіреді.

А) Тұжырымдық негіз;

Ә) Оқыту мазмұны;

Б) Үрдістік бөлім – техникалогиялық процесс.

Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларымен меңгермейінше, сауатты, жан- жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, нәзіктік, адамгершілік, рухани, азаматтық келбетіне қалыптасуына игі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жалпы білім беретін мектептерге және оқушылар болашақта жақсы маман, білімді азамат болуына ең басты жауапты адам- мұғалім. Ұстаз еңбегі оқушы білімімен өлшенеді. Ұстаздың оқу- тәрбие ісі жастардың жүрегін тебірентіп, ой сезіміне әсер ету үшін саяси сауатты, жан-жақты білімді болуы; өз бойындағы білімді оқушы жүрегінде еркін, шебер жеткізе білетіндей әдіскерлік икемділігі; оқушының психологиялық ой-өрісін бақылай алатын сезімтал психолог, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілігі қажет. Сонда ғана ол-нағыз ұстаз.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», – деп қазақ ағартушыларының бірі - М. Жұмабаев айтқандай, жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-

тәжірибесінің қалыптасып, шындалуына байланысты. Сондықтан өмір талабына байланысты жаңа оқу үрдістерін тиімді пайдалану әр мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруда да зор маңызын тигізеді. Мұғалімдердің шығарамшылық ізденісі балаларға сапалы да терең білім беру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде жоғары нәтижеге қол жеткізеді.



ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Назарбаев Зияткерлік мектебі, ДББҰ, 2012 жыл, 56 бет.

2 Критериалды бағалаудың кіріктірген моделі. Әдіснамалақ нұсқаулық. Астана, 2013, 7 бет.

3 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Назарбаев Зияткерлік мектебі, ДББҰ, 2012 жыл, 58 бет.

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН ЖЕТІЛДІРУ

ЖОМАРТОВА Н. Н.

мұғалім, Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің (Глейзер енгізген ұғым, 1963) нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл нормаға негізделген бағалаудан өзгеше. Нормаға негізделген бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі олардың сыныптастарының үлгерімімен салыстырылып қойылады.

Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау (ҚБ) және жиынтық бағалау (ЖБ) [2].

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, балл не баға қоймастан-ақ оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оны оқушылардың жетістіктерін өлшеп, алдағы сабақтарын жоспарлау үшін қолданады.

Қалыптастырушы бағалау оқушылардың оқуда жетістіктерге жетуіне және алға ілгерілеуіне тікелей ықпал ететін және оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін оқыту мен оқудың бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады.

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі функциялары:

- қалыптастыру – тәжірибе жүзінде құндылықтар жүйесін белгілеу, қалыптастыру және бекіту,

- ынталандыру – оқушының күтілетін нәтижеге қол жеткізуі, тиімді түрде алға ілгерілеуі үшін қолайлы жағдай жасау;

- уәждеу – оқушылардың бойында оқуға және нәтижеге қол жеткізуге деген ынтаны ояту. Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру;

Оқушыларға жүйелі түрде кері байланыс ұсыну;

Оқушыларды мақсатты түрде оқуға уәждеу;

Оқушыларға олардың жұмысының сапасы туралы ақпарат ұсыну;

Мұғалімдерге оқушылардың алға ілгерілеуі туралы ақпарат ұсыну [2, 25-б.].

Осылайша, тиімді оқыту және оқу мақсатында оқушылардың түсіну деңгейін анықтау үшін олардың оқу мақсаттарына жеткендігінің немесе алға ілгерілеуінің деңгейі қадағалануы тиіс.

Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі міндеті - баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілетін анықтау және дамыту, мектеп жағдайына тез бейімделуге қажет жағымды мінез-құлық қалыптастыру. Оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ену, өмірлік білімін жалғастыру-білім беру процесінің негізі болып табылады [4].

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.

Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім оқушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының жақсы жағына да, нашар тұсына да назар аударып отырған дұрыс. Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады.

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жұп ішінде бірін-бірі бағалауына болады. Мұндай өзара қарым-қатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы, өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды. Жұптық жұмыста оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету өте маңызды.

Топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім белгілі бір дағдыны бағалаудың тиімді тәсілі ретінде қолданып, топтық жұмысты ұйымдастыруына болады. Оқушылар алдын ала бағалау критерийлерімен таныс болуы тиіс. Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды. Мұғалім ол білім алушылардың атын жазып алуы қажет. Әрі қарай мұғалім білім алушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қойып, бақылайды. Егер білім алушылар тәжірибелік тапсырмалар орындайтын болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар болуы мүмкін.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру кезіндегі маңызды кезеңдердің бірі – оқушылар жұмыстарының нәтижелеріне талдау

жасау. Мысалы, қалыптастырушы бағалау нәтижелеріне толық талдау жүргізу үшін мұғалім арнайы құрастырылған бақылау парағын қолдануына болады [2].

Тәжірибеге сүйенетін болсақ, баланың қиялын дамытып, ойын ілгері жетектеуде мұғалім оқушыға үнемі шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын нұсқап көрсетсе, онда балалардың өздері де ізденіске түседі. Оқушылар жеке, жұппен не топпен жұмыс жасау барысында, әуелі идеялармен өзара бөліседі, содан соң бір-біріне сұрақ қою, яғни диалог арқылы жұмыстарын жүйеге келтіреді. Балалардың жауаптарына сүйене отырып, оқушылардың мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздеп таба алатынын, болашаққа болжам жасай және шешім қабылдай алатынын байқадық. Төменде 1-сынып оқушыларына арналған қалыптастырушы бағалау тапсырмалары көрсетілген. Бұл тапсырмаларды жеке, жұппен немесе топпен орындауға болады.

Жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру бастауыш сынып оқушыларының табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем жайлы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына көмектеседі (кесте-1, 2).

Кесте 1 – «Жаратылыстану» пәні бойынша тапсырма

Бөлім	Адам
Бөлімше	Қалай дұрыс тамақтану керек?
Оқу мақсаты	1.2.3.3 адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Бағалау критерийі	Дұрыс тамақтану жолдарын біледі
Тапсырма (жеке жұмыс) Зерттейік Өзің жиі тұтынатын азық-түлікті пирамида сатыларына қалай орналастырар едің?	
	
Бағалау критерийі	Дескриптор
	Білім алушы

Өзі жиі тұтынатын азық-түлікті пирамида сатыларына орналыстырады Адамның өсіп-дамуына қажетті жағдайларды атайды	- адам ағзасына пайдалы тағамдарды белгілейді; - адам ағзасына зиянды тағамдарды анықтайды; - тамақтану пирамидасын құрастырады; -өзі жиі тұтынатын азық-түліктерді айтады.
---	--

Кесте 2 – «Жаратылыстану» пәні бойынша тапсырма

Бөлім	Жер және ғарыш
Бөлімше	Қазір ғарышты қалай зерттейді?
Оқу мақсаты	1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Бағалау критерийі	Ғарышты зерттейтін құралдар мен ұшатын аппараттар туралы біледі
Тапсырма (топтық жұмыс) Зерттейік Ғарышқа саяхат жасау үшін не қажет? Зымыран жасап көріңдер.	
Бағалау критерийі	Дескриптор Білім алушы
Ғарышқа тсаяхат жасау үшін зымыран моделін жасайды	-Ғарышқа саяхат жасау үшін не қажет екенін анықтайды; -зымыранның моделін жасайды; -зымыран не үшін қажет екенін айтады.

Математика бойынша бастапқы білім сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады, зерттеу және қарым-қатынастың, математикалық білімді өмірде қолданудың алғашқы дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді (кесте-3).

Кесте 3 – «Математика» пәні бойынша тапсырма

Бөлім	Геометриялық фигуралар
Бөлімше	Жазық фигуралардың модельдері (2)
Оқу мақсаты	1.3.2.3 жазық фигуралардың моделдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Бағалау критерийі	Жазық фигуралардан композиция құрастырады
Тапсырма (жүппен жұмыс) Орындап көр Балапанның немесе күшіктің моделін жасаңдар. Оларды жасау үшін қандай жазық фигураларды қолданасыңдар?	
Бағалау критерийі	Дескриптор Білім алушы
Жазық фигуралардан композиция құрастырады	- Балапанның (күшіктің) қандай фигуралардан құралғанын айтады; - Геометриялық фигуралардан ұсынылған композицияны құрастырады.

Кесте 5 – «Еңбекке баулу» пәні бойынша тапсырма

Бөлім	Саяхат
Бөлімше	Табиғи материалдардан бейне жасаймыз
Оқу мақсаты	1.2.1.1Өз идеялары мен сезімдерін айқындау үшін қарапайым тәсілдерді анықтап, қоршаған ортадағы кейбір визуалды элементтерді қолдану
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Бағалау критерийі	Табиғи материалдардан ерекше композиция жасайды
Тапсырма (жүппен жұмыс) Табиғи материалдар мен сызықтардан ерекше композиция ойлап табыңдар.	
Бағалау критерийі	Дескриптор Білім алушы
Табиғи материалдар мен сызықтардан ерекше композиция жасайды.	- Композициядағы алдыңғы және артқы көріністерді дұрыс сақтап салады; - Түстердің үйлесімділігін сақтайды. - Композициядағы не бейнелегенін айтады.

Кесте 5 – «Дүниетану» пәні бойынша тапсырма

Бөлім	Менің отбасым және достарым
Бөлімше	Менің үйім

Оқу мақсаты	1.1.1.1 түрлі дереккөздерді зерттей отырып, «отбасы» ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Бағалау критерийі	Баспана түрлерін, өз мекенжайын айтады, үйдің жобасын құрастырады.
Тапсырма (топпен жұмыс) Орындап көр Түрлі түсті геометриялық фигуралардан үйдің жобасын құрастыр. Қандай фигура түрлерін қолдандың? Оларды ата.	
Бағалау критерийі	Дескриптор Білім алушы
Геометриялық фигуралардан үйдің жобасын құрастырады.	- Үйдің жобасын жасауға қажетті фигураларды қиып алады; - Түрлі түсті геометриялық фигуралардан үйдің жобасын құрастырады; - Қолданған фигура түрлерін атайды.

Осы үлгіде әр пәнге шығармашылыққа бағытталған «Зерттейік», «Орындап көр», «Шығарып көр», композиция құрастыр деген сияқты тапсырмаларды орындатуға болады.

Қай кезде, қай қоғамда болсын, жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2015ж.

2 Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал, Астана, 2016 ж.

3 ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш пәні бойынша педагогика кадрларының арттыру курсының

бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

4 Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану» үлгілік оқу бағдарламалары. (ҚР БҒМ 2018 ж. 10 мамырдағы №199 бұйрығына 6,7,8 – қосымша) Астана, 2018 ж.

5 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайты.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДЕҢГЕЙІН ДАМУЫ

ЖУМАБАЕВА Б. Н., БУХАНОВА Д. У.
мұғалімдер, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпы адамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

Қазақ әдебиеті – қалыптасқан тарихы бар, әлем әдебиетінде өзіндік орнымен ерекшеленетін бай әдебиет. Әлем әдебиетіне қосар үлесін ғаламдық мәдениетпен ұштастыра отырып, пән ретінде оқушылардың танымдық әлеуетін кеңейтеді. Жалпы білім беретін мектептерде әдебиетті оқытуда қазақ әдебиетінің мазмұнын, стилін, идеяларын және жанрын бағалай білу, талдау жасау, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Қазақ әдебиетін оқу барысында оқушылардың көркем шығармалардағы көтерілген мәселелерді жан-жақты талдау, бағалау, өзіндік ой айту дағдылары қалыптасады, бұл рефлексия дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызады.

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары да осы үдерістің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл бағдарламалар оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылар әр жылы келесі сыныпқа ауысқан сайын ақпаратты бағамдау, дәлелдерді қабылдау және өз дәлелдерін ұсыну, тапсырмаға, аудитория мен мақсатқа сай келетін терең жазбаша материал өндіру үшін аталған дағдыларын қолдануда шеберлігі арта түспек. Олар алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында, ресми/іскерлік /ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті арқылы оқушылар өз білімдерін қажетті жағдайларда қолдануды үйренеді, соның нәтижесінде олардың бәсекеге қабілеттілігі артып, өмірде туындайтын әр түрлі қиындықтарды еңсеру барысында қолдануға мүмкіндік алады.

«Қазақ тілі» пәні. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі және Қазақстандағы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі өзара қарым-қатынас құралы. Қазақ тілі қазақстандық қоғам мен қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын әрбір жеке тұлға өмірінде бірегей қызмет атқарады. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік және қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің қоғамдағы маңызды қызметі мен рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын ғылыми танымдық тұрғыдан түсініп меңгеруге, коммуникактивтік тілдесім әрекетіндегі тілдік бірліктердің функционалдық қасиеттерін саналы түрде қолдануға, әрбір тілдік бірліктің ішкі мағыналық иірімдерін түсініп қолдануға дағдыландырады.

«Қазақ әдебиеті» пәні. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының басты бағыты оқушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникактивтік құзыреттіліктерінің жетілуіне, өмірлік дағдыларын шындауына, өздігінен білім алуына мүмкіндік туғызу. Сонымен қатар, пән бойынша бағдарлама оқушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Қазақ әдебиеті – қалыптасқан тарихы бар, әлем әдебиетінде өзіндік орнымен ерекшеленетін бай әдебиет. Әлем әдебиетіне қосар үлесін ғаламдық мәдениетпен ұштастыра отырып, пән ретінде оқушылардың танымдық әлеуетін кеңейтеді. Жалпы білім беретін мектептерде әдебиетті оқытуда қазақ әдебиетінің мазмұнын, стилін, идеяларын

және жанрын бағалай білу, талдау жасау, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Қазақ әдебиетін оқу барысында оқушылардың көркем шығармалардағы көтерілген мәселелерді жан-жақты талдау, бағалау, өзіндік ой айту дағдылары қалыптасады, бұл рефлексия дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызады. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты оқушыларды шығармашылық ойлауға бағыттау, олардың өз ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және талдау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Оқушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Теориялық материалдар оқушының қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, проблемаларды зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын жоспарлаудың тағы бір маңызды аспектісі оқушылардың зияткерлік қабілеті мен тәжірибесін дамытуға көмектесетін әр түрлі педагогикалық тәсілдерді таңдау болып табылады. Бұл кезде оқушылардың өзіне деген сенімі соншалықты артпаған күннің өзінде де, сіз жай ғана сырттан бақылаушы болмай, оқуға «ынталандырушы» болуы маңызды екенін ұмытпаған жөн.

Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған

білімдерімен жұмыс істеуіне, оны әрі қарай өндеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығулар орындауға мүмкіндік беру аса маңызды болып табылады

Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының мақсаты оқушылардың бойына

XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін қажетті дағдыларды дарыту болып табылады. Оқушылар кез келген ауызша немесе жазбаша мәтіндерді сенімді және сын тұрғысынан қолдана білуі, басқалармен әр түрлі тақырып төңірегінде саналы әрі анық әңгіме жүргізіп, әр түрлі мақсатқа арналған мазмұнды мәтін құра білуге дағдылануы керек. Бұл оқушыларды тіл және әдебиетке қатысты мәселелермен қатар, заманауи тақырыптар мен мәселелерді талқылауға дайындап, олардың пікірталасқа араласуына түрткі болады. Пәндердің оқу бағдарламасы біліммен қатар, дағдыларды да қолдануды назарға алады.

Белсенді оқылым – тілді оқытудың негізгі элементтерінің бірі (Simpson, 1996), мұндай оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әр түрлі кезеңдерінде бірқатар әдіс-тәсілдерді қолданады. Белсенді оқылымда олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Венден (1985) оқылым әдіс-тәсілдері оқушының өз оқуына жауапкершілік ала отырып, өзінің оқудағы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді деп қорытады.

Флауэр мен Хайс (1981) жазу үдерісін авторлар шығарма жазу кезінде жүзеге асыратын ойлау үдерістерінің ерекше жиынтығы деп мәлімдейді; иерархиялық тұрғыдан бұл өте көпдеңгейлі үдеріс, әрі ол үдерістер өзара орын ауыстыра беруі мүмкін; жазушының бірнеше мақсаттарымен басқарылатын ойлаудың нысаналы үдерісі болып табылады және жазушы өз еркіне қарай өз мақсаттарын екі негізгі тәсілмен таңдайды: жоғары деңгейлі мақсат және жазушының мақсатты қалай іске асыратынын көрсететін қосымша мақсат белгілеу, екіншісі, жазу барысында үйренгендерін ескере отырып, мезгіл-мезгіл басты мақсатты өзгерту немесе мүлде жаңа мақсат белгілеу.

Оқу үдерісі өзінің табиғаты бойынша ойлаудан тұруы керек және ми құрылымында өзгеріс туғызуға жетелеуге тиіс. Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады. Хэтти (Hattie, 2014) адам миы ақпаратты

өндеп, оны түсінуге мүмкіндік беретінін, ал мұғалімнің тоқтаусыз сөйлеуі миға шамадан тыс аса көп ақпарат «жүктемелейтіні» және ол оқушылардың қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғатыны, сол сәтте оқудың нәтижелілігі айтарлықтай төмендеп кететіні туралы біздің хабардар екенімізді мәлімдейді. Ал белсенді оқу, керісінше, оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Хэттидің мидың қызметін талдай отырып жүргізген шолуы дағдыларды меңгерту шеберлігі тек іс жүзіндегі белсенді қызмет арқылы жүзеге асатынын, демек, оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді. Сабақ барысында «баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса», «жұмыстайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе кылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе» (Ж. Аймауытұлы, 1929) оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕДЕ МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

ЖУМАБЕКОВА Г. Г.
тәрбиеші, «Балдәурен» бөбектер бақшасы,
Шарбақты ауданы, Павлодар облысы

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында мектепке дейінгі мекемелерге үлкен міндет жүктеді. Ол «кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі балаларға баса назар аударған жөн», - деген болатын. Сондықтанда біз мектебімізде Монтессори әдістемесі бойынша жұмыстар жүргіземіз.

Монтессори педагогикасы немесе Монтессори жүйесі XX ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген

даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, балдырғандар мен бүлдіршіндер дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері таңдай отырып, өзіндік ағым мен бала – ата-ананың көз қуанышы, көңіл жұбанышы. Кез келген ата-ана баласы үшін өмір сүреді деп ойлаймын. Халқымыз «Балалы үй базар» деп тегін айтпаса керек, отбасылық өмірдің мәні мен сәні сәбімен бірге кіреді. Үлкен адамдардың өміріне соншама қуаныш пен шаттық сыйлайтын сәбилер кейде, керісінше, ата-анасының көңіліне уайым мен алаңдаушылық ұялатып жататыны да қоғамымыздағы белгілі жәйт. Туғаннан мүгедектікке душар болған, не есейе келе әртүрлі жағдайдың салдарынан денсаулығына, соның ішінде, жүйке жүйесіне зақым келген балаларды тек ата-анасы емес, мемлекет те бақылауда ұстап, қолынан келген жәрдемін аяп отырған жоқ. Өткен жылғы халық санағының қорытындысы бойынша еліміздегі осындай балалардың саны 58 мыңдай екені анықталды, ырғақта дамиды. Соңғы жылдардағы тағы бір жетістігіміз – Монтессори әдістемесін енгізуіміз. Бізде қазақ тілінде білім беретін мектеп жұмыс істейді. Онда жалпы білім беру, қосымша білім беру бойынша және психофизиологиялық дамуы тоқтап қалған балаларға арналған бағдарлама бойынша сабақ оқытылады. Мектепте 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған медициналық және психологиялық негізде адам дамуы туралы білімдерден құрылған екі Монтессори-педагогика кабинеті жұмыс істейді. Мария Монтессори италиялық дәрігер әйел. Бұл жүйені осыдан 100 жыл бұрын сол ойлап тапқандықтан, соның атымен аталады. Қазіргі кезде Монтессори жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Оның негізгі қағидаты – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-ақ олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі – баланың жеке қабілетін көрсете алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл Монтессори ортасы деп аталады. Бұл ортада психологиялық жайлылық, таңдау еріктілігі және педагогтің сабырлы адамгершілігі салтанат құрады. Бұл күндері жүйені баяғыдан бері пайдаланып келе жатқан Жапония, Қытай, Сингапур, Германия секілді мемлекеттерде интеллектуалды

дамыған адамдардың көптігі осыған байланысты екеніне біртіндеп көз жеткізіп келеміз. Тіпті сол дамыған мемлекеттерде тек жалпылама адамдар емес, ұлттың өзі интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасып отырғаны белгілі. Бала жас кезінде жас шыбық сияқты. Қалай исең, солай қарай иіледі. Жақсыға үйретсең, жақсылап үйретсең тез қабылдайды. Осы тұрғыдан келгенде Монтессори әдістемесінің біздің орталыққа енуі жақсы бастама деп ойлаймын. Бұл ауру балаларға қолданғанда «Монтессори терапия» деп аталады. Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері.

Мария Монтессори – 1870 жылы 31 тамыз айында дүниеге келген.

Италияндық педагог, әрі ғалым. Ол балаларды еркін тәрбиелеу идеясын жасап, өмірге енгізді. 1896 ж Рим Университетінің медициналық факультетін бітіргеннен кейін М. Монтессори Италиядағы әйелдерден шыққан бірінші медицина докторы болып табылады.

Университеттің емханасында ақыл-ойы артта қалған балаларға бақылау жасап көрді. 1900 ж Марияның өзі дамуында ауытқушылықтар бар балаларға арналған Еуропадағы бірінші оқу орнына басшылық етті. Оның кішкентай емделушілері нашар сөйлегендіктен, ол саусақтардың ұсақ моторикаларын жаттықтыру арқылы сөйлеуді дамытатын арнайы жаттығулар және балалардың өзіндік сенсорлық тәжірибе негізінде қоршаған ортаны зерттей алатын арнайы құралдар және ойындар әзірледі. Сөйтіп, Монтессори өзінің бірегей дидактикалық құралдарын әзірлей бастады.

Бірқатар уақыт өткеннен кейін оның тәрбиеленушілері оқу, жазу және есептеуді кәдімгі мектептегі өздерінің құрдастарынан бұрын үйренді.

1909 ж бастап М. Монтессори жүйесі өмірге белсенді түрде енгізіле бастады. Түрлі елдердің педагогтары үшін курстар ашылды. 1910 ж әлемнің көптеген тілдеріне аударылған «Монтессори әдісі» атты кітап жарық көрді.

1929 ж Мария Монтессори қазіргі кезде де жұмыс істеп жатқан халықаралық Монтессори Ассоциациясының (АМІ) негізін салды. Италиядағы фашистік тәртіп кезеңінде Марияның елден кетуіне тура келді. Ол Еуропаға 76 жасында қайтып келді. Көптеген еңбектерін шығарды, оқу курстарын жүргізді, психологиялық еңбектер жазды. 1950 ж оған Амстердам университетінің профессоры атағы, докторлық құрметті дәрежесі берілді.

Бұл әдіс бойынша 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды,

сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Монтессори әдісінің негізгі қағидасы- «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды тандап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-ақ, олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады.

Бүгінде осы әдіспен жұмыс істейтін балабақшалар көптеп ашылып жатыр. Балабақшадағы ұстаздар міндетті түрде дайындық курсынан өтеді. Монтессори әдісінде сыныптық сабақ системасы жоқ, мектеп партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды. Монтессори әдісі үш негізгі бөлімнен тұрады: бала, қоршаған орта, ұстаз.

Монтессори әдісінің мақсаты:

- балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;
- өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
- балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори ұстазының міндеті:

балаға өз жұмысын басқаруға көмектесу; негізгі түстерді айыра білуге үйрету; ұсақ моториканы дамыту; алғашқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қалыптастыру; зейінін тұрақтандыру; тәртіпке үйрету;

Монтессори бөлмесі 5 аймаққа бөлінген:

1. Сенсорлық аймақ.	2. Математикалық аймақ	3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы	4. Тілдік аймақ.	5. Ғарыштық аймақ.
---------------------	------------------------	---------------------------------------	------------------	--------------------

Ерте жастағы балаларды сенсорикаға тәрбиелеу.

Мақсаты:

Сенсорикалық тәрбие қоршаған ортаны толық қалыптастыруға бағытталған. Балаларды сенсорикалық жағынан дамыту үшін, бірнеше ұстаным бар. Заттардың көлемі, қалыбы, түсімен таныстыру. Тілдің дыбыстық саралауын жүзеге асырып ән-күйлік естумен қабылдауды қалыптастыру. Сенсорикалық қимылмен балаларды іс-әрекеттерін үйрету. Қоршаған ортамен байланысты сенсорика

бойынша жалпылауға үйрету. Заттардың сапасы мен мәндері туралы түсініктерін қалыптастыру

Сенсорика жайлы түсінік!

Сенсорика латындармен аудармада сезім мүшелері арқылы орындайтын қабылдауды білдіреді. Психологияларда және физиология сенсорикалық сезінулердегі мәлеметті білдіреді. Сенсорика-функциялардың бірі, сезгіштік пен қатар қоршаған орта туралы мәлеметті қабылдауының әдісінің бірі болып табылады. Мысалы: көрермен, акустикалық иіс сезу және әрі қарай организмнің сенсорлық жүйелердің бір белгісі болады. Сенсорика К. Г. Юнга типологияларда “сезіну” деп аталады. Сенсориканың айырмашылық ерекшелігі бұл функцияны позицияларымен әлеммен өзара әрекеттесуі. Сенсорика әлемі – бұл сезімдері органдары арқылы қоршаған ортаның заттарымен, пішінімен, түсімен қолдануға болады. Сенсорикада саусақ моторикасы жұмыс істейді.

Қызғылт мұнара.

Мақсаты: Көлемі әртүрлі кесектерден мұнара тұрғызу.

Жанама мақсаты: Көлемді көру арқылы қабылдауды дамыту. Үлкен-кіші деген ұғымдарды енгізу.

Бала маманның көмегімен мұнараны тұрғызып шықты.



Сурет 1



Сурет 2

Шу қорапшалары.

Көк және қызыл қақпақты екі ағаш қорапша, оның әр біреуінде 6 цилиндрдан құралған, қағып-соғу кезінде дыбыс шығарады.

Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю

Керекті құралдар: поднос, шүберек, лейка

Мақсаты: Қозғалыс жүйесін дамыту, қоршаған әлем ішінде тепетендікті сақтауға үйрету. Жас мөлшері 3 жастағы балалар.

Материалмен жұмыс жасау жолдары: лейка суға толтырылады. Мұғалім лейканы қолына алып жоғары көтереді. Ыдысқа суды құяды. Лейканы қай

тадан үстел үстінеқойып,ыдыстағы суды қайтадан лейкаға құйды.Төгіліп қалған суды сүртіп отыру қажет.



Геометриялық комод

6 тартпалы подностармен ағаш комод және рама – қосымша тиісті стандартталған беттер

Сурет 3



Демонстрациялық стенд

Рамамен ағаш поднос және үш геометриялық фигуралар: шеңбер, шаршы, үшбұрыш Мата мен жәшік

Сурет 4



Ағаш жәшіктегі мата үлгілері (Маталардың жұптары) зығыр, мақта, жібек, тері, жүн, жасанды тері. Сипап сезу сезімін дамыту үшін.

Сурет 5



Конструктивтік үшбұрыштар 5 ағаш жәшік: 2 тік төртбұрышты, 1 үшбұрыштық, 1 үлкен алты бұрышты және 1 кішкентай алты бұрышты жәшік.

Сурет 6

Заттарды тасымалдауға үйрену және қимыл-қозғалысты үйлестіру.

Монтессори бөлмесінде еркін жүріп, қандай аймаққа баратындары өз еріктерінде екенін сезінді.

М. Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.

Бұл әдістің мақсаты – балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу. Өзімнің жасауыма мүмкіндік бер»дейді мұндағы бала. Балаларға дауыстап сөйлеу бұл әдісте мүлдем жоқ. Ұйымдастырушысы балаларға әр сала жайлы қызықтыра мағлұмат береді. Балалардың жас ерекшеліктері әр түрлі, 3 пен 6 жас бірге өз қалауларымен жұмыс жасайды. Бұл жастың қабілетін ашуға, үлкеннің кішіге мейірім, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік берері сөзсіз. Қай салада жұмыс жасау бала қалауында: зертханада, жаратылыстану, аспан әлемі, асхана, қолөнер, бейнелеу, сумен, т. б. Еркін жұмыс жасау барысында жетістігін өзі көріп, қатесін де өзі жөндеуі – ішкі дүниесін тәртіпке баулып, жеке адамгершілік қасиеттерін дамытады деп ойлаймын. Пайдаланған заттардың ең басында қалай тұрғанын бақылаған бала жұмыс аяғында тап солай жинастырып, тазартып қояды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Е. Абенов «Сарыарқа самалы» газеті- №24 - 30 тамыз, 2015
- 2 Е. Хилтунин «Упражнения с Монтессори – материалом», Учебник,2003,032 бет
- 3 Сумнительная С.Ш «Мне сделать это самому?»// Методист-2005, 20-бет
- 4 Мария Монтессори «Помоги мне сделать это самому», Алматы, «Мектеп»-2009,25 бет
- 5 Мария Монтессори: «Дом ребенка», Методист-2008, 4-5 бет

ОСНОВНЫЕ КОМПОНЕНТЫ ПРОЦЕССА ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ КОЛЛЕДЖА

ЖУМАДИРОВА К. К.
к.п.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
СТАРИНА А. П.
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Проблема качества подготовки специалистов из числа выпускников учреждений технического и профессионального образования является актуальной в современном мире. Опыт, умения, навыки человека, его творческие способности, моральные ценности и культура труда составляют человеческий капитал, который является основным фактором социально-экономического развития общества. В Послании Президента Республики Казахстан – лидера нации Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан2050» сказано: «Профессионально-техническое и высшее образование должно ориентироваться в первую очередь на максимальное удовлетворение текущих и перспективных потребностей национальной экономики в специалистах» [1]. Сегодня требования к профессионалу возрастают: недостаточно владеть какой бы то ни было специальной информацией, необходимо уметь ориентироваться в информационных потоках, быть мобильным, осваивать новые технологии, самообучаться, искать и использовать недостающие знания или другие ресурсы, иными словами быть компетентным.

Главной идеей развития компетентности личности является приобретение знаний и умений не только в условиях формального образования, но и вне его, а также их синтез. В приоритете у современного профессионального образования находится единство профессиональной подготовки обучающихся и формирование у них фундаментальных профессиональных компетенций.

Вопросами исследования профессиональной компетентности занимались такие ученые, как М. В. Семенова, Н. Р. Шаметов, Б. Г. Ананьев, А. И. Донцов, Н. В. Кузьмина, Г. В. Мухаметзянова, В. Д. Шадриков, К. В. Шапошников, Дж. Равен и другие. Дж. Равен предлагает следующее определение понятия «профессиональная компетентность»: «это специфическая способность, необходимая для эффективного выполнения конкретного действия в конкретной предметной области и включающая узкоспециальные, особого

рода предметные навыки, способы мышления, а также понимание ответственности за свои действия» [2, с. 211].

На основе систематического анализа выделены ведущие компоненты профессиональной компетентности: мотивационно-ценностный компонент, учебно-познавательный компонент, операционально-деятельностный компонент. Определим природу и характер каждого из выбранных компонентов, необходимых для подготовки специалистов.

Мотивационно-ценностный компонент профессиональной компетентности специалиста обуславливает необходимость мотивации к активной познавательной деятельности в процессе подготовки, творческого саморазвития и ценностно-смысловых отношений в процессе. Мотивация – это совокупность различных мотивов, некоторые из которых могут быть ведущими, а другие – сопутствующими. Кроме того, А. К. Маркова выделяет мотивационную сферу личности, включающую в себя потребность в движущей силе, важность, мотив, цель, эмоции, отношение и интерес [3, с. 24].

Мотивы являются формой проявления потребностей, объясняют, почему человек действует так, а не иначе. Формирование мотивов – это, прежде всего, создание условий для проявления внутренних стимулов к обучению, понимания самими обучающимися собственного мотивационно-ценностного поля и дальнейшего его развития.

Мотивация – это совокупность всех факторов (мотивация, потребности, интересы, цели и т.д.), которые определяют мотивацию для обучения и решения образовательных задач. Поскольку мотивация – сложное явление, система должна предоставить обучающий набор инструментов для ее поддержки. Повышение мотивации к обучению является одним из принципов формирования профессиональной компетентности обучающегося в любой области.

Из этого следует, что субъективные аспекты отношений составляют мотивы деятельности, стремления, интересы, убеждения и т.д., а также отношения между индивидуальной мотивацией и ценностью. Посредством мотивационно-ценностных отношений обучающегося происходит формирование компонентов профессиональной компетентности. Практика показывает, что формирование познавательной мотивации обучающихся происходит противоречиво и достаточно сложно, так как этот процесс по своей сути является многомерным и многогранным и

требует целенаправленной, систематической работы педагогов с обучающимися во многих направлениях.

Из вышеизложенного следует, что перед преподавателями специальных предметов на начальном этапе обучения студентов ставится сложная задача – эффективная организация самостоятельной работы студентов, от успешного решения которой зависит развитие познавательной мотивации учащихся, и, в целом, эффективность формирования их профессиональной компетентности.

Мотивационный компонент связан с созданием условий, способствующих преодолению внутренних барьеров, изменением сознания студента, его психологической готовностью активно работать с различными объектами и проектами специальных дисциплин. Это достигается формированием установки интереса, сильной мотивации и повышенной активности студента в процессе профессиональной подготовки. В этом случае студент должен обучаться в выбранной им области, без особых организационных усилий.

Учебно-познавательный компонент профессиональной компетентности определяется знаниями и умениями обучающихся в области общих и специальных дисциплин, направленных на самостоятельное и успешное участие в создании объектов профессиональной деятельности. В целом это определяется содержанием профессионального образования, которое формируется в соответствии с государственными образовательными стандартами. Учитывая, что обучающийся осваивает конкретные профессиональные компетенции, информацию и опыт, ясно, что качественное образование играет основную роль в формировании этой компетенции.

Студенты при изучении различных дисциплин должны быть ориентированы в первую очередь не на увеличение объема знаний, а на способ его усвоения, на развитие имиджа и мышления, преодоление формализма знаний, на развитие собственных познавательных и творческих способностей, а также духовно-нравственной сферы. Только в таких условиях будут развиваться и улучшаться их познавательные и творческие способности, а учебная деятельность приобретет динамичный, процедурный характер. Усвоение знаний и осознанное владение этими знаниями составляют основу готовности обучающихся к дальнейшей профессиональной деятельности. Этот уровень знаний определяет информационную стратегию подготовки студента. Эта стратегия основана не только на

учете приобретенных знаний учащегося, но и на их использовании в прикладных задачах рабочего процесса в области выбранной специальности, характеризующих его логическое мышление.

Учебно-познавательный компонент является теоретической основой для формирования профессиональной готовности студента, как результат, к дальнейшей социальной и профессиональной деятельности. Кроме того, этот компонент определяется потребностями личности в активном использовании знаний, необходимых для эффективной будущей карьеры. Формирование этого компонента должно происходить путем интеграции знаний из многих областей через междисциплинарный подход. Содержание обучения охватывает междисциплинарные связи на основе изучаемой дисциплины в соответствии с государственным образовательным стандартом. На основании вышеизложенного можно определить, что учебно-познавательный компонент является основой для развития профессиональной компетентности будущего специалиста. Это и играет основную роль в его направленности, так как качество приобретенных профессиональных знаний определяет готовность к профессиональному успеху.

Операционально-деятельностный компонент профессиональной компетентности будущего специалиста обеспечивает овладение и дальнейшее применение студентами профессиональных базовых и технологических компетенций – умений и способностей по выбору средств, способов и технологий конструирования, моделирования, проектирования решения профессиональных задач, отвечающих специфике целей и содержания профессиональной деятельности. Особое внимание при подготовке будущих специалистов следует уделять активным технологиям обучения, которые бы позволили обучающимся активно включаться в самостоятельный поиск и открытие нового, профессионально необходимого.

Активные технологии обучения – это совокупность педагогических действий, направленных на организацию образовательного процесса, и создаваемых специальными средствами условий, мотивирующих обучающихся к самостоятельному, инициативному и творческому освоению учебного материала в процессе познавательной деятельности. Организация образовательного процесса должна базироваться на усилении практической направленности с согласованным использованием традиционных и новых педагогических технологий [4, с. 14].

Таким образом, профессиональная подготовка специалистов должна отвечать современным потребностям национального рынка труда, что необходимо учитывать при формировании профессиональной компетентности обучающихся колледжа. Нами было выделено три основных компонента профессиональной компетентности: мотивационно-ценностный компонент, учебно-познавательный компонент, операционально-деятельностный компонент. Единство указанных компонентов является определяющим фактором гармоничного развития личности будущего профессионала в процессе обучения.

ЛИТЕРАТУРА

1 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н. А. Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства / Стратегии и программы Республики Казахстан. Декабрь 2012 г. [Электронный ресурс] // http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs

2 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. – М.: Когито-Центр, 2002. – 400 с.

3 Маркова А. К., Матис Т. А., Орлов А. Б. Формирование мотивации учения. – М.: Просвещение, 1990. – 192 с.

4 Заречнова К. В. Компоненты педагогической направленности в профессиональной подготовке будущих специалистов по сервису и туризму // Известия АлтГУ. – № 2. – Т. 1. – 2011. – С. 12-15.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЖАҢА ИДЕОЛОГИЯ

ЖУМАНОВА К. И.

магистр, преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Қазір қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу туралы, осы ұғымның мәні, оның басты қағидалары туралы көп айтылады. Бірақ патриотизм ұғымының өзі өте терең, баға жетпес мәнге ие. Өз елінің патриоты болу бұл кез келген адам үшін әрқашан үлкен құрмет. Сонымен қоса, патриот болып тумайды, қалыптасады және қарыштап дамушы мемлекетте патриоттық тәрбиені шығармашылық процесс деп қана бағалауға болмайды. Бұл

жастардың еліміздің болашағы үшін күрес, мәжбүрлі көшіп-қону, қылмыстың өсуі, нашақорлық, маскүнемдік және экстремистік, террористік және т.б. арам пиғыл тәрізді теріс құбылыстармен күрес. Қазақстан көпэтносты қоғамдық құрылымы бар мемлекет, патриотизмге, өз жеріне деген сүйіспеншілікке негізделген бірыңғай идеологияны құруға ұмтылады. Бұл бірізділікті, тұтастықты және бірлік пен қоғамдық келісімді сақтауды талап ететін күрделі міндет.

Қазақстанның ұлттық идеологиясының негізгі басымдығы мемлекеттік билікке ықпал ету негізгі стратегиялық конституциялық міндетті іске асыру саясатын жүргізу болып табылады – «өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [1]. Сонымен қатар, жастарға патриоттық тәрбие беру міндетінің бірі бұл өскелең ұрпаққа Қазақстандағы жұмыс істейтін діни бірлестіктердің мәнін, мазмұнын және мақсаттарын көрсету болып табылады.

Ұлттық идеологияны насихаттау, ұлттық мәдениеттерді, тілдерді, салт-дәстүрлерді дамытуды ынталандыру, Қазақстан аумағында тұратын қазақ және басқа да этностардың тарихи санасы мысалында ұлттық патриотизмді тәрбиелеу арқылы қазақстандықтарды тәрбиелеу. Патриотизм жай ғана қалыптаса алмайды. Оның бастауы – еліміздің тарихын терең білуде, оның тәуелсіздігі мен гүлденуіне атсалысқан ұрпақтың қызметін ұғыну және құрметтеуде.

Мемлекет басшысы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атап өткендей, «біз өз тарихымызды оның сан қырлы және көпмәдениетті екенін сезініп, қабылдап алуымыз керек. «Сұрақ басқа халықтардың рөлін төмендету арқылы өзінің ұлылығын көрсету емес. Ең бастысы, қатаң ғылыми фактілерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы біздің рөлімізді байсалды және объективті түрде түсіну» [2].

«Ұлы даланың жеті қырын» атап өте отырып: салт аттылық мәдениеттің пайда болуын, ежелгі металлургияны, аң стилінің феноменін, «Алтын адамның» бейнесін, түркі әлемінің Бесігін, Ұлы Жібек жолын және алма мен Қызғалдақ Отанын, Ел Президенті жалпыға ортақ талқылауға шығарып, тарихи маңызды жобаларды іске асыру жөнінде нақты тапсырмалар берді. Елбасы ұсынған жобалардың әрқайсысы Қазақстан үшін ғана емес, әрбір қазақстандық үшін де маңызды екенін атап өтті [2].

Кез келген тәрбиенің негізі – патриотизм. Өз отбасына, туған өлкесіне, өз Отанына деген махаббат. Өз тамырыңды білуіне, өз халқының тарихы мен мәдениетін білуіне негізделген Отаншылдық, ең алдымен өзімізде, содан балаларымызда қалыптастыруымыз керек. Қоғамдық сананы жаңғырта отырып, біз өз ұрпақтарымызға іргелі зерттеулерге негізделген тарихи және мәдени мұраны қалдыра аламыз. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы тарихи маңызға ие. Өзімізді рухани байыта отырып, біз өз болашағымызды рухани байытамыз.

Мұндай идеология Қазақстанның саяси тәуелсіздігін, Қазақстандықтардың этносаяси және этномәдени қауымдастығын нығайту негізінде, халықтың адамгершілік, физикалық және экологиялық сауығуы проблемаларын шешуге ықпал етеді. Ол шовинизм, сепаратизм, ұлтшылдық, трайбализм және ұлттық түйықтылық көріністеріне қарсы әрекет етеді. Мемлекеттік идеологияның қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларында сауықтырушы рухани күш ретінде болуы маңызды. Сондай-ақ, Қазақстанның жаңа идеологиясының негізі қазақ этносының рухани және тарихи мұрасы болып табылатынын атап өткен жөн. Ол Қазақстанның барлық полиэтникалық халқының гуманистік, адамгершілік әлеуетін пайдалану жолымен байытылады. Қаншалықты біз бүгін Отанымызға деген махаббатты арттыру үшін үлес қоссақ, соншалықты ертең, болашақ біздің ұрпағымыз біздің арман мен үмітті шындыққа жүзеге асырады.

Н. А. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында этносаралық, ұлтаралық және патриоттық тәрбиеге қатысты мәселелер шеңберін нақты атап өтті. «Этносаралық келісім – бұл тірі оттегі. Біз дем алған кезде оны байқамаймыз, мұны автоматты түрде жасаймыз – біз жай ғана өмір сүреміз. Біз өзіміздің бірлік пен этносаралық келісімді сақтауымыз керек. Сырттан ешкім және ешқашан мұны біз үшін жасамайды. Біздің жастарымыз жаңа, тәуелсіз елде өсіп келеді. Қазіргі ұрпақ 90-шы жылдардағы этносаралық соғыстар мен қақтығыстарды көрмеді және көптеген адамдар Қазақстанда тұрақтылық пен қолайлы өмірді бір қалыпты нәрсе ретінде қабылдайды».

Шын мәнінде, ең жоғары патриотизм өз Отанының игілігі үшін жасалады. Өз халқының дәстүрін және мәдениетін қастерлеуге, басқа халықтың ұлттық сезімдерін сыйлау және осылайша ұлтаралық қақтығыстарды болдырмауға, Қазақстанның біртұтастығын сақтауға, оның әлемдегі беделін арттыруға белсенді

қызмет етуге міндеттейді «Кеңес заманында Қазақстанда, басқа да одақтас республикалардағыдай, көптеген онжылдықтар бойы, коммунистік кезеңнен басқа идеология болған жоқ, ол ықпалды және тиісті институттармен ұсынылған. Қайта құру процестері мен социалистік жүйенің ыдырауы нәтижесінде ондаған жылдар бойы қалыптасқан әлем бейнесі бұзылды, осының салдарынан жаппай бағдарлану, жеке және топтық деңгейлерде де, жалпы қазақстандық қоғам деңгейінде де бірдейлендірудің жоғалуы болды.

ҚР Президенті Н. А. Назарбаевтың тамаша сөздері бар: «біз өзіміз өзгердік, біздің ойлауымыз бен дүниетанымымыз өзгерді. Біз тек өз еңбегіміз әл-ауқат көзі болатынын, ал мемлекет бұл үшін қажетті жағдай жасауы тиіс екенін ерекше ескертусіз түсіндік» [3]. Коммунистік идеологияның ыдырауы идеологияның рөлі мен орнын, сондай-ақ оның саяси процестерге қатысу дәрежесін қайта пайымдауға алып келді.

Ұл мақтанышы, ел патриоты Б. Момышұлы: «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді», – деп анықтама берген [4]. Б. Момышұлы айтып отырған белгілердің педагогикалық негізі-тұлғаның патриоттық сана – сезімін қалыптастыру; патриоттық іс-рекетін ұйымдастыру; мінез-құлқына патриоттық сипат беру оқу-тәрбие ісінің өзегі болуы керек.

Шын мәнінде, қазақстандық патриотизм – посткеңестік кеңістікте алғашқылардың бірі болып алға жылжып, жаңа мемлекет құрып, өзінің амбициялық, ауқымды өзгерістерімен ғана емес, шетелдік саясаткерлердің, мемлекет көшбасшыларының, сондай-ақ өз отандастарының да таңқалдыра отырып, өзінің Отанын мақтан тұтудың басты негізі. Қазақтардың менталитетінде қазіргі қазақ жастарының адамгершілік мінез-құлқын қалыптастыруға өте қажет болатын жағымды сәттер көп. Қазақстанда өтпелі кезеңнің басында жалпы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға белсенді шақыру жалпыұлттық идеологияға айналды. Біздің қоғамда осы идеяны одан әрі тарату және дамыту үшін маңызды негізі бар.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ал келешекте оның барлық

өміріне апат әкеледі» – деп Әл-Фарабидің ұлағатты сөзімен айтқанда біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру және ізгілікке бағдарланған, әсемдікпен қаруланған ұлттық тәлім нәрімен сусындаған халық игілігін жасаушы болашақ азаматты тәрбиелеу, ел ертені, ел болашағы - бүгінгі жас ұрпақтың білімді, сауатты, жақсы азамат болып өсуіне, қалыптасуына жол көрсетеді. Адамзаттың болжауынша, жақын болашақта бұрын өткен, жүздеген ғасырлар бойы болмаған өркендеулер мен көп өзгерістер болады деп күтілуде, өркениетті әлемнің таңдаулы мүшесі болу – елдің рухани, мәдени қуатына, ғылымы мен біліміне байланысты. Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің бойда ұстар тұсында болады. Біздің Елбасы Н. А. Назарбаев: «көп ұлтты жастарды өздерін Қазақстан тарихымен, алдыңғы ұрпақтың маңызды өмірлік құндылықтарымен сәйкестендіруге үйрету керек. Жастарға нақты өмірлік бағдар беріп, күмәнді идеялардың ықпалынан қорғау керек» – деген екен.

Әрине, патриотизмді тәрбиелеу үдерісінде мемлекеттік идеология маңызды рөл атқарады. Егер мемлекет осы проблемадан алыстаса, онда 90-шы жылдардың басында сияқты толық анархия болады. Ғани Қасымов атап өткендей «Патриотизм – азаматтың өз еліндегі рөліне қоғамдық көзқарас. Өз азаматтарының құлына айналған мемлекет құратын қазақстандық патриот-бейнесі. Бұл әрбір тұлғаның шынайы еркіндік жағдайында өсіп келе жатқан дүниетаным жүйесі. Егер осы үш көрсеткіштің барлығы жиынтығында Қазақстанның координаттары жүйесінде болса, бұл нағыз патриотизм, бұл кезде адам Отанымыздың мүддесін бермейді, ал мемлекет әрбір индивидті соңғы мүмкіндіктерге дейін қорғайтын болады. Бірақ, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында патриотизм туралы ойламады да, өйткені адамдардың мақсаттары – жақсы өмір сүру болды. Ол кезде мемлекет кімге қызмет ететінін білмеген, ал азаматтар не үшін өмір сүретінін білмеген» [5].

Бүгінде патриотизм мәселесі бар. Отанға деген махаббат сезімі ғана емес, сонымен қатар басқа да іргелі құндылықтар: үлкендерді құрметтеу, қарапайымдылық, парасаттылық және т. б. қиын жағдайда тұр. Қазіргі әлеммен эгоизм, прагматизм және материалдық артықшылыққа табыну басқарады, өзін-өзі құрту, бей-жай, жалғыздық көбейді. Ең жақсы өмірді іздеу мақсатында шет елге кету мәселесі, материалдық фактор, кейде өз еліне деген сүйіспеншілікті өзгертеді. Бірақ бұл антипатриотизм деуге бола ма?

Рухани мен материалдық байлығы арасындағы жұқа қырды қалай табуға болады? Кез келген адам бір нәрсені түсіну керек. Отаншылдық – бұл өз Отанының игілігі үшін күнделікті жұмыспен расталған өз қатысуын түсіну. Бұл ретте Кеңес тәжірибесінен ең жақсысын алып, тарихымызға, мәдениетке баса назар аудару қажет. Нағыз патриот ешқашан өз елінің жауы болмайды. Патриот өз елі үшін бәрін жасайтын және өз елінің мүддесін негізге алатын адам. Егер халық өз Отанына деген махаббат пен адалдық сезімімен біріктірілмесе, мемлекет те, қоғам да мықты бола алмайды.

Осы мағынада патриотизм елдің жас ұрпағының азаматтық сезімін тәрбиелеуде басымды болуы тиіс. Қазір біздің алдымызда, мемлекеттік билік алдында отансүйгіштікке, моральдық және адамгершілік құндылықтарға, адамның құқықтық мәдениетіне негізделген жастарды тәрбиелеу жүйесін құру міндеті тұр. Қазіргі заманғы қазақстандық қоғам үшін әрбір адам өз тарихын есте сақтап қана қоймай, өз елін мақтан тұтуы және ел жетістігінен әр азаматтың бақыты байланысты екенін түсінуі маңызды, бірақ бұл ретте мемлекетте болып жатқан оқиғаларға қатысы болмауы. Мемлекет басшысы ел халқына жолдауында патриотизм жаңа Қазақстанды құрудың маңызды факторларының бірі деп атап өтті.

Тиімді патриоттық саясатты жүргізудің арқасында бүгін Қазақстанда тұрақты қоғамдық келісімге қол жеткізілді. Бүгін Қазақстанда бейбітшілік пен келісім орнаған, бұл биліктің де, біздің елде өмір сүріп жатқан барлық халықтардың да еңбегі. Осындай салиқалы саясаттың арқасында Қазақстан көптеген жас мемлекеттердің дамуының күрделі кезеңінен құтыла алды, онда «патриотизм» ұғымы девальвацияланған немесе бұрмаланған, ал біздің елімізде азаматтылық пен патриотизмді тәрбиелеу мақсатты нәрсе болып табылады.

«Біздің маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі қалыптастыру», – деп атап өтті Қазақстан Президенті. Бұл ретте мемлекет басшысы жүргізіп отырған патриоттық саясаттың негізгі желісі барлық қазақстандықтардың саяси ортақтығының басымдығын, азаматтардың бірегейліктің басқа нысандарынан басымдығын басты назарда ұстау болып табылады. Нұрсұлтан Назарбаев «Қоғамның идеялық бірігуі Қазақстан прогресінің шарты ретінде» жұмысында «шынайы патриотизмді, шынайы азаматтықты қалыптастыру жеке тұлғаның нақты саяси өзін-өзі айқындауын, өз Отанын саналы таңдауын болжайды деген» [6].

Мемлекет басшысы ел халқына жолдауында патриотизм жаңа Қазақстанды құрудың маңызды факторларының бірі деп атап өтті.

Біздің республикамыз халықаралық қоғамдастықтың танылған және құрметті мүшесі - табысты және егеменді мемлекет ретінде өзін тануы үшін негіз бола алатын жарқын ерекшеліктер мен жалпыға танылған жетістіктердің барлық қажетті жиынтығына ие екенін атап өткен жөн. Қазақстандық патриотизмнің маңызды элементтері ұлттық сана-сезімді және көпұлтты халықтың бірегейлігін қалыптастыратын және Қазақстанның туы, елтаңбасы және гимні сияқты маңызды ұлттық брендтерде өз көрінісін тапқан ұлттық мәдениеттің дәстүрлі нышандары мен құндылықтары болуы тиіс.

Сонымен қатар, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін қазақ мәдениетінің басқа халықтардың мәдени тәжірибесін қабылдау үшін ашық бола отырып, өзінің бірегей ұлттық мазмұнын жаңғырту қабілеті зор маңызға ие. Жастар өздері тұратын елдің тарихын білуі тиіс. Өткеннің тарихын зерттеп, Қазақстанның, қазақ халқының тарихын айтатын болсақ, бұл арқылы біз патриотизмді көтереміз, өткеніміздің бай екенін, ал халық жанкешті болғанын түсінуге көмектесеміз» [7]. Қазақстандық патриотизмнің бір маңызды құрамдас бөлігі бұл оның әлемге ашықтығы, шығыс және еуропа мәдениетінің бірегей синтезі, диалогтың ерекше мәдениеті болып табылады.

Қазақстан – бұл қайталанбас өркениетті қорытпа жасаған дала және отырықшы мәдениеттер, түркі және славян әлемі кездесуінің кеңістігі.

Қазақстанның саяси бейнесінің салмақты құрамдас бөлігі бұл сөзсіз, толеранттылық пен «әралуандықтағы бірлік» қағидаттарына негізделген көпмәдени және көп ұлтты қоғам моделі болып табылады. Ұлттық бірлік осы ұғымның қазіргі заманғы түсіндірмесіне сәйкес топтастырылған этникалық, діни және басқа да әлеуметтік-мәдени топтардың топтастырылған қауымдастығын құруды көздейді.

Нәтижесінде ол ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, ал бірліктің негізі – жалпы тарих болып табылады. Әлбетте, қазақстанның этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарын әлемдік танымалдылыққа белсендірек тарату қажет.

Каждый объект имеет бесчисленное множество признаков. Для практических и познавательных целей достаточно из всего огромного множества признаков объекта мысленно выделить только некоторые, существенные. Это такие признаки, которые являются совершенно необходимым, а все выделенные вместе окажутся достаточными для того, чтобы по ним можно было отличить данный объект от всех остальных, познать его с какой-то точки зрения.

Взаимосвязь между видовыми и родовыми понятиями отображает в сознании объективно существующую взаимосвязь рода и вида в природе и обществе.

Родовое понятие – это понятие, которое выражает существенные признаки целого класса объектов, являющегося родом каких-либо видов. Родовое понятие включает определённые видовые понятия. Одно и то же понятие может быть как видовым, так и родовым одновременно в зависимости от того, по отношению к какому понятию оно рассматривается. Например, понятие «четырёхугольник» является родовым по отношению ко всем «прямоугольникам» и в то же время – видовым понятием по отношению к понятию «многоугольник».

Математика как наука представляет собой систему понятий, находящихся друг с другом в определённых связях и отношениях. Каждое понятие – это знание наиболее общих и в то же время существенных признаков объекта, а также связей и отношений между ними.

В математике большое значение придаётся усвоению школьниками отношений равенства и неравенства, отношений порядка и их свойств. Логические упражнения, связанные с простейшими умозаключениями из суждений с этими отношениями, позволяют детям глубже освоить сами отношения и их свойства.

Чаще всего предлагаемые нами логические упражнения не требуют вычислений, а лишь заставляют учащихся выполнять правильные суждения и приводить не трудные доказательства. Эти упражнения носят занимательный характер, поэтому они содействуют возникновению интереса у детей к процессу мыслительной деятельности. А это является одной из главных задач учебно-воспитательного процесса в школе.

Вследствие того, что логические упражнения представляют собой упражнения в мыслительной деятельности, а мышление младших школьников в основном конкретное, образное, то необходимо в процессе занятий применять наглядность.

В зависимости от особенностей упражнений в качестве наглядности применяются чертежи, рисунки, условия задач и т.д. При выполнении детьми логических упражнений отсутствие необходимой наглядности служит основным тормозом к осознанному мыслительным действиям.

Народные загадки всегда служили и служат увлекательным материалом для размышления. В загадках обычно указываются определённые признаки предмета, по которым отгадывают и сам предмет. Загадки – это своеобразные логические задачи на выявление предмета по некоторым его признакам. Признаки

могут быть разными. Они характеризуют как качественную, так и количественную сторону предмета. Выделение количественной стороны предмета (абстрагирование), а также нахождение предмета по количественным признакам – полезные и интересные логико-математические упражнения.

Логические упражнения надо подбирать так, чтобы они вызывали интерес у младших школьников, ибо возбудить интерес детей к математике – это главная цель, к которой мы стремимся в связи с задачей повышения уровня процесса обучения математике.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Л.Н. Ланда, Алгоритмизация в обучении, Москва «Просвещение» 1966
- 2 К.Д. Ушинский. Собр. соч., в 11 т. Т. 7. Москва.,1948, с. 332.
- 3 В.П. Труднев «Внеклассная работа по математике в начальной школе». Москва «Просвещение» 1975 г.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

НАСРИДДИНОВА О. Ф.
мұғалім, З. Хусанов атындағы № 110 ЖОББМ, Шымкент қ.

Біздің еліміздегі білім беруді дамытудың қазіргі заманғы оқытудың дәстүрлі түрімен инновациялық әдістерге ауысатын өтпелі кезең деп сипаттауға болады. Бүгінгі қоғам талабына сай білімді де, саналы да, тәрбиелі азаматтарды тәрбиелеу білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылады. Сол үшін мектептерде, сонің ішінде білім негізі қаланатын бастауыш сыныптарда оқу мен тәрбие сапасын арттыру қашанда назардан шыққан емес. Осыған орай, әр пәнді, соның ішінде қазақ тілін оқытудың ғылыми дәрежесі неғұрлым жоғары болуын, ғылым негіздерінің берік игерілуін, тәрбие жұмыстарының жақсарылуын қамтамасыз ету бағытында әр алуан шаралар жүргізіледі.

Қазіргі кездегі білім беру ғылымының, мәдениетінің, ғылыми техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы қажет. Білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріс пен қоғамдық дамудың жанару барысында тікелей ықпал жасайды. Осыған байланысты қазіргі күрделі қайта жаңғыру кезінде мектептегі

оқыту процесінде пәнаралық байланыс ерекше педагогикалық маңызды мәнге ие болуда. Оқу пәндерінде қарастырылатын табиғат, қоғам, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі негіздер оларда білім беру мазмұнының біртұтас жүйесінде біріктіреді. Осы арада пәнаралық байланыстың дүниеге көзқарас қызметі өте маңызды және шешуші рөл атқарады.

Пәнаралық байланыс-түрлі оқу пәндерінің арасындағы өзара байланысын айқындау шарты және білім беру мен оқыту талаптарының бірі. Пәнаралық байланыстың қажеттілігі дүниенің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінен туындайды. Мектепте қазақ тілі пәнін оқыту барысында пәнаралық байланысты үнемі ескеріп отыру қажет. Пәнаралық байланыс білім, билік және дағдарысының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді, оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімін орынды қолдана білуіне көмектеседі.

Оқылатын пәндердің басты мақсаты оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, оларды қоршаған ортаның әсемдігін өнер түрлері арқылы түсіне білуге тәрбиелеу. Қазақ тілі пәнін басқа пәндермен тығыз байланыста өткізу үшін қазақ тілі пәнінің мұғалімі пәнаралық байланысты жүзеге асыру мүмкіндігі мол тақырыптарды алдын-ала анықтап алу қажет.

Тәрбие бала дүниеге келген сәттен басталады деген сөздің жаны бар. Мектепте пәнаралық байланыстың педагогика ғылымында қалыптасқан идеаларының өзіндік даму тарихында Батыс Еуропадағы педагогикалық идеялар мен тұжырымдардың бастауында атақты педагогтар Я. А. Коменский, Дж. Локк, Ж. Ж. Руссо, И. Ф. Гербарт пәнаралық байланысты педагогика ғылымының күрделі мәселелеріне жатқызды. Олар жас буынға, келешек ұрпаққа білім беруде табиғат құбылыстарының өзара байланысты жөніндегі көзқарастарын, дүниетанымын дұрыс қалыптастыру керек екендігіне баса назар аударған.

Мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың басты құралы іс-әрекет болып табылады. Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, бастауыш мектепті дамытуға зор үлес қосқан ғалым А. Байтұрсынов адам кішкентай кезінен бастап-ақ өзін қоршаған ортаның неден тұратынын танып-біліп, оқып-үйренуі керек екеніне көп назар аударды. Балалардағы дүниетанымының қалыптасуы қоршаған ортасын танудан басталатынын айта келе, соны танып білуде ақыл ой мен білім қажетін анықтап көрсетеді.

А. Байтұрсынов-ұлттық рух, халықтық дәстүр, ата-баба тағлымы, ұрпақтар сабақтастығы мәселелерін қамтыған, мектеп жасындағы балалардың дүниетанымын қалыптастырудың нақты жолдарын көрсетіп кеткен ойшыл ғалым. Әсіресе, ана тілі арқылы ұлттық өркендеу, дамудың маңыздылығын дүниетанымдық, мәдени-әлеуметтік тұрғыда түсіндіру кезінде туған ананың ақ сүтіне, туған халқының кәусарына, өз ұлтының өмір салтына қанбаған адамның қадірсіз болатындығын анық көрсетіп жазған.

Пәнаралық байланыстың маңызына мыналар жатады:

-оқу пәндері арасындағы өзара байланыстың дамуына жағдай туғызады.

-ғылыми дүниетанымның қалыптасуы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді;

-Пәнаралық байланыс жан-жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын кешенді түрде жүзеге асыруға ықпал жасайды;

-пәнаралық байланыс педагогикалық әрекеттің ғылыми негізде тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазақ тілі сабақтарында пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін әдебиет, математика, дүниетану, тарих т.б пәндермен байланыстырып өтуге болады.

Оқыту, білім беру, байланыстырып сөйлеуді дамыту-педагогикалық тұрғыдан зерделегенімізде екі жақты процесс. Бірінші, баланың саналы түрде дамуы, соның ішінде тілінің дамуы. жеткіншектің ауызша және жазбаша сөйлеуінің дамуына мектептегі мұғалім ғана әсер етіп қоймайды, сонымен бірге қоршаған орта, отбасы, ішкі және сыртқы мотивтер тағы басқа да объективтік, субъективтік жағдайлар ықпалын тигізеді. Екінші, мұғалім мен тәрбиешінің білімді игертудегі, адамгершілік пен имандылықты дамытудағы мақсатты қызметі, педагогикалық шеберлігі жатады. Бұл қызмет неден тұрады дегенде: сабақ формаларын дұрыс тандай білуден; ұйымдастыру қабілеттілігі мен білім беруде әдіс-тәсілдері орынды пайдалана білуден тұрады.

Өлі ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары қалыптасқан оқушылардың байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысында мұғалімнің атқаратын міндеті орасан зор. Ал оған педагогикалық жағдай туғызу оқушылардың сөйлеу дағдыларының дұрыс қалыптасу процесіне әсер ететін көрнекі құралдары пайдалану сияқты мәселелерден келіп шығады. Сондықтан, ең алдымен, әдіскерлер нені үйретеміз, не үшін оқытамыз, қалай оқытамыз деген заңды мәселелерді анықтаудан бастайды. Қазақ тілі сабағын әдебиетпен

байланыстыру үшін шығарма жұмысын жаздыруға болады. Оқушыға шығарма жазуға дағдыландыруға басты мақсат-өз ой-пікірін жүйелі түрде жоспарлы түрде бере білуге, монологтік тілін дамыту. Оқушылардың тілін дамыту, сөз қолдану дағдыларын қалыптастыру осы кезеңдердің әрқайсысында белгілі бір тақырыптың оқытылуына сүйене отырып, соның барысында жүргізіледі.

Мұнда біз мына сияқты негізгі мәселелерді үйретуді, яғни белгілі бір тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамыту; сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерт барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне; сондай-ақ ойларын ауызша, жазбаша сауатты жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге үйретуді күнделікті өтілетін сауат ашу, грамматика, оқу сабақтарымен байланыста біртұтас жүргізіліп отырса, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады. Яғни, тіл дамыту осы негізгі үш бағытта қатар жүреді, өйткені сөздік жұмысы сөйлем құрау үшін де, байланыстырып сөйлеу үшін де негіз болады, ол әңгіме айтуға дайындық жасау сөз бен сөйлемсіз іске асуы мүмкін емес.

Шығарманың тақырыбы, ең алдымен тақырыптың ішкі мағынасы мен оны қалай ашу ерекшелігін түсінбейінше шығарма жазуға кірісуден нәтиже шықпайтыны жөнінде жоғарғы сыныптарда шығарма жаздыру әдістемесін көп жыл зерттеген Е.Дайрабаев былай дейді: «Тақырып –талқыланатын мәселенің қысқаша атауы. Сырттай осылай көрінгенмен, оның ішкі мағынасы тереңде жатыр. Өйткені тақырып шығармада жан-жақты айқындалып, ашылуға тиісті пікірлер негізінде белгіленеді».

Өнер саласына байланысты шығарма жаздыру көрнекілік принципі жүзеге асырып, баланың көру түйсігіне ойлана әсер ету арқылы тілін дамытуда, эстетикалық талғамын арттырады.

Осы бағыттарды әрбір сабақта өтілетін тақырыптарға орай, жеке-жеке де, бір-бірімен байланыстыра да жүргізіп, мұғалімнің жұмыс жоспарының бір бөлігіне айналдыру-тіл дамыту жұмысының дұрыс іске асуының кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Маманов Ы., Әлімжанов Д «Қазақ тілін оқыту методикасы» А., 1965ж.

2 Сарыбаев Ш.»Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері»А., 1959ж.

3 Бейсенова А. «Пәнаралық байланыс негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру» А., 1995ж.

4 Ұйықбаев И. «Қазақ тілі методикасының очеректері» А., 1962ж.

5 Рахметова С. «Бастауыш сынып оқушыларының тілін ұстарту» А., 1999ж.

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПМУ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ДИАГНОСТИКАСЫ

НУРГАЛИЕВА М. Е.

докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мемлекеттік стандарт аясында жоғары кәсіби білім жана деңгейге өтті, оның шеңберінде оқу үдерісінің моделі өзгерді. Жаңа білім беру стандартына сәйкес оқу жоспарларының мазмұны айтарлықтай өзгеріске ұшырады, олардың бірі студенттердің өздік жұмыстарының үлесін арттыру болды, ол енді жалпы уақыт бюджетінің 60 % - ын құрайды. Мемлекеттік білім беру стандартында студенттердің құзыреттілігін дамыту, түлектерді қоғамдағы өзгермелі жағдайға тез бейімделуге дайындау, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті адам болу, өздік білім алу және тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру, студенттердің іс-әрекет пен уақытты тиімді өздік ұйымдастыру тәжірибесін меңгеруінің педагогикалық стратегияларын анықтау маңызды міндеттер болып табылады.

Бүгінгі таңда кез келген серпінді дамып келе жатқан салада өз жұмысын тиімді ұйымдастыра білуі, өз уақытын тиімді жұмсай білуі тиіс. Қазіргі қоғамда адам өз өміріне саналы көзқарасынсыз, оны саналы түрде жобалаусыз, өмірде стратегиясыз табысты бола алмайды. Зерттеуде біз студенттерге тән жеке уақытты ұйымдастыру саласындағы ерекше мәселелерді тұжырымдауға тырыстық.

Студент, университеттен тыс жерде болып, өз өмірін жобалау білімі мен дағдысын иеленбейді, жас адам кіретін қоршаған әлемге бейімделе алмайды. Оның көбінесе белгісіздік пен шатастық жағдайы, жалпы өмір жолын және жеке кәсіп таңдау үшін психологиялық дайындығының қалыптаспауы бар. Қалыптасуы жеке тайм-менеджмент жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылатын жеке болашақтың жобалары жоқ. Жеке уақытты ұйымдастыру әдістерін меңгермеген студент тек толыққанды

маман және еңбек нарығының қатысушысы бола қана алмайды – ол толыққанды оқи алмайды. Инфантильді және ағыс бойымен жүзетін емес, мақсатты және ойлайтын тұлғалар аман қалады.

Осыған байланысты студенттердің өз іс-әрекеті мен уақытын өздік ұйымдастыруға дайындық деңгейін өлшеу қажеттілігі туындады.

Бұл диагностикалау 2017-2019 жылдар аралығында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттері арасында жүргізілді. Диагностика үшін сауалнама қолданылды.

Сауалнамалық сұрау үшін келесі міндеттер ерекшеленді:

- студенттердің уақытын пайдалану тиімділігіне қатысты субъективті бағалауын анықтау;

- студенттердің жеке және оқу уақытын басқару дағдыларын анықтау;

- уақытқа қатысты студенттердің субъективті бағасын құндылық ретінде анықтау;

- уақытты қабылдауға қатысты студенттердің субъективті бағасын анықтау;

- өз алдына мақсат қоя алатынына қатысты субъективті бағалауды анықтау.

Сауалнама әр түрлі тақырыптағы, бірақ уақыттың өзін-өзі ұйымдастыруға қатысты бес тесттен тұрды, атап айтқанда: «Сіз ұйымдасқан адамсыз ба?», «Жұмыс (оқу) уақытын тиімді жоспарлау», «Мақсатты адамсыз ба?», «Сіз өз уақыттыңызды басқарасыз ба?», «Сіз уақытты бағалай аласыз ба?» [1]. Респонденттер ретінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің барлық мамандықтарының студенттері қатысты. Респонденттер саны 162 адамды құрады.

Осы сауалнаманың жалпы нәтижелері келесідей болды (нәтижелердің орташа балы бойынша):

- студенттердің іс-әрекеттерінде ұйымшылдық тұрақсыз, бұл өзін-өзі ұйымдастырудың нақты жүйесінің болмауының белгісі болып табылады;

- студенттер уақытты жоспарлау дағдысы жоқ, табу бойымен әрекет етеді;

- студенттер өз алдына қандай да бір мақсат қоя алмайды, не болмаса олардың қойылымы анық емес, бұл оларға қол жеткізу барысында түсініксіз болады;

- студенттер өз уақытын тиімсіз пайдаланады, бұл өз іс-әрекетінің орташа нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі;

- студенттер уақытты құндылық ретінде қабылдамайды, сондықтан оны тиімді пайдаланбайды, босқа жұмсайды, бұл оның жетіспеушілігіне әкеледі;

- студенттер істерде жүйелі емес, өз уақытын дұрыс ұйымдастырмауға әкеледі;

- студенттердің өз істерін жоспарлау тәжірибесі жоқ, бұл берілген жоспардан ауытқуға әкеледі.

Содан кейін диагностика үшін эксперимент жүргізілді. Эксперимент жүргізу келесі міндеттерді шешуді қамтиды:

1) студенттердің өздік жұмысын орындау кезінде студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру деңгейін анықтау;

2) өздік жұмысты ұйымдастырудың табыстылығына теріс әсер ететін факторларды анықтау; 3) студенттердің уақытын, уақытын құндылық ретінде пайдалану тиімділігіне, уақытты қабылдауға қатысты субъективті бағалауын анықтау. Бұл ретте мақсаты білім беру үрдісі кезінде студенттердің өздік жұмысын табысты ұйымдастыру шарттарын талдауда тұрды.

Эксперимент әдістердің кешенін, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен гипотезасын қамтиды (студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру бойынша уақыт бюджеті мәселелері бойынша студенттер арасында сауалнама жүргізу, тестілеу және сұрау салу, осы ұйымдастыру кезіндегі қиындықтарды анықтау және өздік жұмысты орындау кезіндегі мәселелерді жою бойынша шешімдер ұсыну) және екі кезеңде өткізілді.

Бірінші кезең студенттердің уақытын өзін-өзі ұйымдастыру жағдайын анықтау мақсатында әр жылдары оқитын студенттерге сауалнама жүргізу болды. Сауалнама нәтижелерін қорытындылау студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру үрдісінің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді: ЖОО-да өздік жұмыс істеуге арналған уақыттың объективті бюджетін анықтау, студенттердің өздік жұмыс істеуді табысты ұйымдастыру үшін осы уақыттың жеткіліктілігін субъективті бағалауын талдау және студенттердің оқу жылдары бойынша өздік дайындалу барысында жеке қиындықтарының динамикасын талдау. Бұл нәтижелерде студенттердің өздік жұмысының сапасын жақсартудың сыртқы-ұйымдастырушылық және педагогикалық құралдарын анықтау және студенттердің оқу уақытын бірінші курстан төртінші

курсқа дейінгі жоспарлаудағы жалпы ұйымдастыру іскерлігінің динамикасын анықтау негізделді.

ЖОО-да объективті түрде жұмыс істейтін өздік жұмысқа бюджетті уақытын анықтау үшін біз келесі нормативтік құжаттарды пайдаландық: жоғары білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты және дайындық бағыттары бойынша оқу жоспарлары. Жоғары білім берудің мемлекеттік стандартында оқу аптасының ұзақтығы жалпы білім беретін, базалық, профилді пәндер мен тандау компоненттерін игеру бойынша аудиториялық және аудиториядан тыс (өздік) оқу жұмысының барлық түрлерін қоса алғанда, 54 академиялық сағаттан артық емес есеппен белгіленген.

Бұл ретте күндізгі оқу бөлімінде пәндерді меңгеру кезінде аптасына аудиториялық оқу сабақтарының максималды көлемі 36 академиялық сағатты құрайды. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қазіргі оқу жоспарларын талдау әр түрлі курстарда аудиториялық сабақтардың үлесі оқу уақыты бюджетінің 60 % - дан аспайтынын көрсетеді.

Соған сәйкес уақыттың қалған бюджеті аудиториядан тыс және практикалық сабақтарға, студенттердің өздік жұмысына бөлінеді.

Эксперименттің екінші кезеңінде біз өздік жұмысты орындау үшін уақыт көлемінің жеткіліктілігін субъективті бағалауды қарастырдық. Зерттеуге С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің барлық мамандықтарының 150 студенті қатысты, оның ішінде – төртінші курстың 10 студенті, 29 – үшінші, 54 – екінші және 57 – бірінші курс студенті.

Студенттердің кең таралған қиындықтарының таралуын талдау уақыт жетіспеушілігінің сыртқы-ұйымдастырушылық себептері мыналар болып табылатындығын көрсетеді: оқу жылындағы пәндердің үлкен көлемі, пәндер бойынша бақылау-тексеру сабақтарының үлкен көлемі, оқытушылардың өздік жұмысының нашар ұйымдастырылуы, өздік жұмысты орындаудан басқа қызмет түрлеріне үзілуі, оқу кестесін қанағаттанарлықсыз құрастыру, өздік жұмысқа тапсырмалардың үлкен көлемі.

Уақыт жетіспеушілігінің жеке-ұйымдастырушылық себептерінің арасында келесілерді атап өтуге болады: өздік жұмыс істеу тапсырмаларын орындауда еңбекқорлықтың және ынтаның жеткіліксіздігі, өз уақытын ұйымдастыра алмау, мектеп дайындығының нашар болуы, өздік жұмыс істеуге ынталандырудың жоктығы, басқа да қызмет түрлерін басымдықпен орындау.

Сонымен қатар, Ф. Зимбардоның (ZPTI) уақытша болашағы бойынша сауалнама жүргізілді, ол студенттердің уақытқа қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Осы сауалнамаға сәйкес уақытты бес шкалаға бөлуге болады: теріс өткен, гедонистік қазіргі, болашақ, жағымды өткен, фаталистік қазіргі [2]. Осы сауалнамаға С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің барлық мамандықтарының 147 студенті қатысты. Осы сауалнаманың нәтижелері бірінші курс студенттерінің «жағымды өткен», «болашақ» және «гедонистік қазіргі» факторлары тендестірілген екенін көрсетті. Бұл көрсеткіш өмірде үйлесімділіктің болуын және өз әлеуетін іске асыруды көрсетеді, бұл жаңа биіктерге жетуге, өткеннің дәстүрлерін құрметтеуге және қазіргі оқиғалардан энергия алуға көмектеседі. Бірақ, өкінішке орай, бұл баланс келесі оқыту курстарына күрт бұзылады, онда «жағымды өткен» факторы басым болады. Бұл нәтижелер студенттер өткен өмірмен көп сүріп жатқандығын, қазіргі уақытын бағала алмай және болашақта мақсат қоймайтынын айтады.

Алайда қарама-қайшы нәтижелер «ПМУ студенттерінің уақытына типтік қарым-қатынас сипаттамалары» сауалнамасын жүргізу кезінде алынды, оның барысында студенттерге (N=109) олардың уақытқа қатынасын сипаттау ұсынылды. Негізгі әдістемелік тәсіл ретінде ассоциативті эксперимент қолданылды [3].

Нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі «уақыт – қазіргі адамның маңызды құндылығы» (80 %) деп есептейтіні анықталды, алайда «уақыт – көп жақты ұғым» (49 %), «уақыт әрдайым жетіспейді» (39 %), «уақытты жоспарлау мүмкін емес» (31 %) деген қарама-қайшы пікірлер жеткілікті жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бұл жауаптар студенттер уақытына деген белгісіз қарым-қатынасты, олардың уақыт кеңістігіндегі қатандығын тағы да растайды. Бұл туралы «менің уақытым тым белгісіз» (50%) деген пікірге оң жауаптардың жоғары пайызы айтады.

Осылайша, мемлекеттік стандартта айтылған міндеттерді табысты орындау үшін студенттерді оқыту үшін инновациялық тәсіл қажет. Осындай тәсілдердің бірі ақпараттық білім беру технологияларын енгізу болып табылады, олар тек аудиториялық жұмысты ғана емес, сонымен қатар пәндер бойынша өздік жұмыстың үлкен көлемін орындауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нурғалиева М. Е. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру (әдістемелік ұсыныстар) / Павлодар, «Кереку» баспасы. 2019 ж, 103 бет

2 Зимбардо Ф. Парадокс времени. Новая психология времени, которая улучшит вашу жизнь / – Спб : Речь, 2010. – С. 60-68.

3 Нестик Т. А. Отношение к времени в малых группах и организациях / – М. : Изд-во «Институт психологии РАН», 2011. – 296 с.

АКТИВИЗАЦИЯ МЫСЛИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКЕ ЛИТЕРАТУРЫ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

НУРКИНА Е. С.

учитель, Специализированная школа «Зерде»
для одарённых детей, г. Екибастуз

Одной из главных целей сегодня на уроке литературы является активизация мыслительной деятельности учащихся. Особое внимание необходимо уделить развитию дивергентного мышления. Согласно Дж. Гилфорду, дивергентное мышление характеризует четыре основных качества: быстрота, гибкость, оригинальность и точность [1].

Под быстротой мышления в данном случае необходимо понимать способность высказывать максимальное количество идей. Гибкость – это способность высказывать широкое многообразие идей. Способность порождать новые нестандартные идеи называются оригинальностью, она также может проявляться в ответах, не совпадающих с общепринятыми. Точность, или иначе говоря, законченность – это способность совершенствовать или придавать законченный вид продукту.

Важное звено в общей системе заданий занимает постановка проблемных вопросов. Так, на уроке литературы по обобщению романа Ф. М. Достоевского «Преступление и наказание» был поставлен проблемный вопрос: «Родион Раскольников: деградированная или одаренная личность?». Используя ресурсы Интернета, ребята объяснили значение трудных слов, придумали предложения с ними, сделали записи в тетрадях. Ученики уже познакомились с биографией и романом Ф. М. Достоевского.

И учитель еще обращает внимание на то, что это прежде всего социально-психологический роман.

Затем ученики, разделившись на группы по интересам – юристы-правоведы, ученые, психологи, историки, исследователи – занялись исследованием, каждый в своей области. Поиск и отбор материала – все это способствовало самостоятельному решению проблемы. Каждая группа во главе со спикером доказывала свою позицию. Единого мнения не было, так как юристы, историки признали Раскольникова виновным в преступлении, а психологи и ученые – одаренной личностью.

Учащиеся на уроке были не просто обучаемыми, а настоящими соавторами урока. Урок был построен на сравнениях, самостоятельных выводах и умозаключениях. Вопросы поискового, проблемного характера (Почему? Зачем? Представь себе, что... если бы...) ставят ученика в позицию исследователя, постепенно уводят его от конкретики к абстрагированию.

Завершаем урок по роману уроком–судом, а затем учащиеся делятся впечатлениями о прочитанном и увиденном. Именно этот урок ежегодно вызывает большой интерес у старшеклассников.

Из размышления учащихся о романе:

- «Играя роль главного героя романа на уроке–суде, я почувствовал ответственность перед классом и как следует подготовился к уроку–суду. Я вжился в эту роль, испытал самые разные чувства: чувство боли, душевную усталость, горя, безысходности... ,но когда учитель похвалил меня за удачно сыгранную роль, я испытал чувство радости, счастья. Я осознал, что жизнь – это бесконечная борьба с несправедливостью. Нужно обладать большой силой воли и духа, чтобы вести борьбу с несправедливостью. И важно верить себе»;

- «Я не могу не сочувствовать этому герою, у него были свои принципы жизни, осуществив их, он признал свою ошибку, и это главное. Личность неординарная и думающая»;

- «Этот урок оставил глубокий след в моей душе, так как я поняла, что необходимо уметь размышлять над своими поступками, объяснять причины того или иного выбора. После прочтения этого произведения мои взгляды на многие вещи изменились. Я поняла на уроке, что наша жизнь зависит от нас самих, и от нашего отношения к окружающим людям»;

- «На этом уроке я испытал чувство стыда за свои поступки. Раскрыл свои актерские таланты, о которых сам не подозревал.

Учусь на примере жизни героев различать истинное от ложного, иначе говоря, отделять зёрна от плёвел»;

- «Я на уроке испытал чувство жалости к Родиону Раскольникову. Он, конечно, жертва обстоятельств того времени. Я понял, как важно осознавать, что ты живешь в независимом государстве. Живи он в наше время, ему бы цены не было среди умных людей, возможно, внес бы свой вклад в какую-либо науку»;

- «На этом уроке я испытала бурю эмоций, они буквально захлестнули мой разум, это чувство возмущения, негодования. Мне по характеру близка Соня Мармеладова, поэтому на уроке–суде я сыграла ее роль. Да, чувство вины может погубить человека, я поняла, но, чтобы замыкаться в себе, человек не имеет права, ибо он живет среди людей. Человек прежде всего должен жить в ладу со своим сердцем, хотя Родиону Раскольникову было очень сложно обрести покой в душе. И только, по-моему, близкие люди могут поддержать в такой момент. Всей своей жизнью Достоевский дал возможность нам это понять. В этом он прав!».

Одним из наиболее часто применяемых методов развития высших форм мышления является так называемая «Таксономия Блума», которая обозначена в следующей схеме: познание – понимание – применение – анализ – синтез – оценка [2].

На интегрированном уроке в 9 классе по стихотворению М. В. Ломоносова «Разговор с Анакреоном» после знакомства с содержанием произведения учащимся были предложены задания для развития дивергентного мышления (нестандартного мышления):

1 Сопоставить взгляды М. Ломоносова со взглядами Абая (17 слово из «Слов Назиданий») найти сходства и различия;

2 Оправдать ответ Анакреона;

3 Предложить свой вариант ответа на вопрос о том, что является самым главным в жизни по их мнению (ответы учащихся могут быть различные, это приветствуется).

На таких уроках учащимся удается усвоить сюжет, основную идею произведения, глубже проникнуть в особенности художественных образов. Это позволяет реализовать не только воспитательную, но и образовательную функцию урока. Реализуя личностно-ориентированный подход к развитию мыслительной деятельности учащихся, мы, с одной стороны, корректируем их жизненный опыт, а с другой – учим делать собственные открытия. В наши дни насущной задачей становится гуманизация литературного образования. Гуманизация образования- это прежде всего усиление

его направленности на формирование личности [3, с. 41]. При этом они получают дополнительную мотивацию, находя новый смысл в изучении литературы. Эти задания по различным темам построены по уровням сложности т.е. по принципу от легкого к трудному, от известного к неизвестному.

Системный подход изучения произведений рассматривает Я. Ж. Испаев [4, с. 9].

Первая группа вопросов–заданий выполняет функцию закрепления знаний/воспроизведение изученного, первичная систематизация фактов, понятий, формирования навыков.

Вторая – вопросы–задания, способствующие овладению методами логического мышления и опытом творческой деятельности (самостоятельная работа по произведению анализа, синтеза, сравнения, обобщения; формирование оценок, выводов, углубление системы знаний; уточнение, конкретизация, систематизация).

Третья – вопросы и задания, требующие применения полученных знаний (выполнение самостоятельных работ, овладение умениями и навыками). Такого рода задания привлекают внимания тем, что способствуют вдумчивому чтению, развитию речи, прежде всего активизации мыслительной деятельности учащихся, помогают овладеть методами логического и образного мышления, также способствует применению полученных знаний на практике.

Содержание вопросов–заданий отражает ключевые идейно-художественные моменты произведения в их взаимосвязи и взаимообусловленности. Эти задания предлагаются учащимся на выбор «после» изучения основного содержания произведений.

В заключение я хотела бы сказать, что мой восьмилетний опыт работы с одаренными детьми позволяет сделать вывод о том, что используя таксономию Блума, можно добиться полного усвоения учащимися материала, учащиеся овладевают навыками анализа и синтеза. Думаю, что мои уроки литературы формируют взгляды учащихся, их нравственные убеждения, их художественные вкусы. Дело в том, что мои художественные вкусы не совпадают с художественными вкусами учащихся. И это, тоже правильно, так как это их личная позиция. И я не имею права навязывать свое мнение. Учителю, думаю, необходимо быть в этом плане настороже.

Мне бы хотелось, чтобы мои уроки литературы помогали в это непростое время стать лучше, стать чище душой, пробуждали любовь к Человеку.

Лично для меня урок литературы по тому или иному произведению–это произведение искусства со своим замыслом, завязкой, кульминационным моментом, развязкой. И тогда, я каждый раз убеждаюсь в этом, урок вызывает восторг, изумление, удивление учеников. И учитель, и ученики становятся настоящими соавторами урока. Это некий обоюдный творческий процесс.

Мне бы очень хотелось поделиться своими открытиями в период обновления содержания образования, в процессе поиска своего пути совершенствования как педагога. Безусловно, было трудно перестраивать себя, но вера в себя, любовь к детям и любовь к своему предмету сделала своё дело. Обращение к технологии дивергентного мышления дало возможность ответить на мои волнующие вопросы. Эта технология приводит к целому ряду положительных результатов:

- создается система заданий по изучению произведений, предусмотренных программой;
- повышается качество обучения;
- усиливается интерес к изучению предмета;
- рационально распределяется время урока;
- доходчиво объясняется учебный материал;
- урок характеризуется логической завершённостью, так как имеет определённую целевую установку.

Качество знаний учащихся по литературе в классах /6а, 6б, 8а, 8б, 10а, 10б/ составляет 100 %.

ЛИТЕРАТУРА

1 Интернет в России: развитие дивергентного мышления по Дж. Гилфорду. [Электронный ресурс]. – URL: <https://womanadvice.ru/divergentnoe-myshlenie> [дата обращения 15.03.2018].

2 Интернет в России: таксономия Блума. [Электронный ресурс]. – URL: https://studopedia.ru/16_87688_glava-obshchie-polozheniya-taksonomii-b-bluma.html [дата обращения 15.03.2018].

3 Адилбекова Ж. К. О преподавании литературы в школе / Ж. К. Адилбекова // Журнал «Литература в казахстанской школе». – № 5. – 2011. – 56 с.

4 Испаев Я. Ж. Урок литературы: система вопросов и заданий. – Алма-Ата «Мектеп», 1989. – 70 с.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

НУРҚОЖАЕВА А. Б.

мұғалім, Жанқожа батыр атындағы № 70 мектебі, Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе - білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Жаңа педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс – әрекеттер жиынтығы. Жаңа технологияларда басты міндет – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Оқыту үрдісін жандандыру оқушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбекті тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, жаңа педагогикалық технологияларды игерулеріне тікелей байланысты болады. Жаңа технологиялардың басты міндеті – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету болып табылса, педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып есептеледі. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа

технологияны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі. Жаңа педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар керек: оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу, оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру, оның ғылыми – әдістемелік, оқыту – әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқу үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: – Балаға ізгілік тұрғысынан қарау; - Оқыту мен тәрбиенің бірлігі; – Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; - Баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; - Баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту; - Өр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндігіне орай оқыту; - Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; - Оқу үрдісін оқушының сезінуі. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады. Олар: педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу, оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын қарастыру, оқу модулін құрастыру, оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр оқушыға арналған тапсырмалар құрастыру, оқушылардың жаңа материалдарды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау, оқу әрекетінің бағалау көрсеткіштерін анықтау. Педагогикалық технологияны игеруге қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру оқытудың ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие үрдісін ұтымды әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты. Жаңа технология үрдістерінің талабы – оқушыларға білім беруде белгіленген мақсатқа жету, оқушылардың іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын, оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіре отырып, сабақтағы үш біріккен мақсатты жүзеге асыруға қол жеткізу. Белгілі бір дәрежеде оқу-танымдық іс-әрекетті белсендірудің қажеттігі туындайды. Мұнда оқыту үрдісіндегі әдістемелік жүйенің өзара байланысы негізінде оқу-танымдық іс-әрекет міндеттерін жүзеге асырылуын талап етіледі. Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда жаңа технологияны пайдалана отырып, оқушылардың оқу – танымдық іс-әрекетін белсендірудің шығармашыл әлеуетін көтерудің маңызы зор. Жаңа педагогикалық технология арқылы

оқыту барысында оқушыларды тұлға ретінде қалыптастыруға бірден бір әсер етеді. Мұғалім мен оқушылар бірлесіп оқи отырып, субъект – субъект ретінде болады. Мұғалімнің рөлі көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы топ басшысы, оқушылардың ынта – ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді. Жаңа технология оқушылардың өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген. Сондықтан да олар ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп «әрекет етуге», сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Оқыту нәтижесі оқушылардың бір – бірімен байланыс бірлігінен көрініп, оқушылар оқу нәтижесінде бір – бірінің жауаптылығын сезінеді. Жаңа технология қолдануда практикалық тұрғыда зерттеуші қажет ететін дидактика міндеттерінің бірінен саналады. Жаңа технологияны пайдалану мұғалім мен оқушының қарым – қатынас жағдайын аса шеберлік, білімділік, демократиялық бағытта уақыт талабына сай таңдауды қалайды. Педагогикалық үрдісте жаңа технологияны енгізіп, пайдалану мұғалімдерді шеберлік жағынан шыңдайды. Еліміз егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық саласында, соның ішінде, білім беруде жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру, осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алады. Осыған орай, қазіргі мектептерде оқу – тәрбие үрдісіне енгізген жаңа педагогикалық технологиялар оқушыларды тиімді білім алу жолдарымен және тұлғаның жеке қалыптасуындағы іс-әрекеттерінде кең түрде қолданылуда.

Білім беру жүйесі - әр елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күн мектеп алдында тұрған басты міндет - өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа адамды қалыптастыру, дамыту мақсаттарын қойып отыр. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтымақ арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін

білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту.

Сыни тұрғыдан ойлау — бұл саналы мағынаны іздеу, өзінің көзқарасының қандай болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Бұл жоба 60-қа жуық стратегиялардан тұрады. Олар: Джиксо – жымды быту әдісі. Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл «жанұя» топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 өз алдына «жұмыс» тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң, осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2 бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті «жанұя топ» оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді. ДЖИКСО стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ, мұғалімді, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйретеді.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруға бағытталған оқыту – ол өз бетінше шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқыту. Бұл тіл үйренушінің шығармашылық қабілетін дамытып, алған білімін шынайы өмірде қолдана алуға мүмкіндік туғызады. Сыни тұрғыдан ойлау әрекетін енгізу, оқыту үрдісінде оқушылардың өз бетінше білім алуына, әріптестерімен, оқытушымен бірге ой бөлісуге,

алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде жаңа жағдаяттарда қолданып, әрекет етуге, өз ойын, пікірін айта алуға және басқалардың ойымен санасып, бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады. Қазіргі оқыту үрдісінде бір мәселені талқылау, оған өз көзқарасын білдіру, әріптес ойымен пікір алмасу секілді жұмыс түрлеріне көп көңіл бөлінеді. Дегенмен, кей жағдайда оқытушы оқушыға сұрақтар беріп оның сөйлеуіне, мәселеге пікірін білдіруге түрткі болдым дегенімен, оқушы мүмкіндігін шектегенін байқамай қалады. Көп жағдайда оқытушы оқушы ойын басқарады, яғни бағыт беру немесе жетекшілік етуден гөрі ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл психологтар көрсеткендей, оқушылардың өз бетінше ойлау мүмкіндіктерін шектейді. Мысалы, дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін оқытушы өзі дайындап, жоспарды беріп, оқушыдан сөйлеу барысында тек оған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік бермейді. Оқушы мәселені түсінбей, маңызды, өзіне қажетті ақпаратты ала алмай, мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келе алмай, өзінше ой қорытып, тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетіне ие бола алмайды. Мәселені ашуда жаңа ой, құнды пікір білдіру маңызды. Және ол міндетті түрде қорытындыланып, көрініске ие болуы оқытудың тиімділігін арттырады. Психологтардың еңбектеріне сүйенсек, әдіскер ғалымдар тұлғаның ойлау қабілетін арттырып, өз бетінше пікір білдіру, шығармашылық тұрғыдан әрекет ету, оқу мотивациясын арттыру мәселесіне байланысты түрлі тиімді тәсілдерді қарастыруда. Американдық ғалымдар Р.Сперри мен Р.Орнстайн 70-ші жылдары адам миының бөлшектерінің әртүрлі жұмыс істейтінін көрсетті. Егер олар бірігіп қызмет атқарса, онда тұлғаға үлкен шығармашылық мүмкіндікке жол ашылады. Адам миы оң жақ және сол жақ бөліктен тұратыны бәріне белгілі. Сол жақ бөлік: алынған ақпараттарды кезекпен өңдеп, оны бөліп талдайды; ұғымдар мен ережелерді ойластырады; оның соңғы нәтижесі әрекет болып табылады. Ал оң жақ бөлік: барлық ақпаратты бір мезгілде өңдейді, жүйелейді, бейнені елестетеді, соңғы нәтижесін сәйкестендіріп, ұқсастықты анықтау болып табылады.

Аталған ми бөлшектерінің толық жұмыс істеуіне, тұлғаның сыни ойлау іскерліктерінің қалыптасуына тиімді тәсіл ретінде бізге ғалымдар «Ассоциациямен» жұмыс және «Mind Map» тәсілін

ұсынады. Бұл тәсілдер оқушының берілген мәселе бойынша ой қорытып, тұжырымдап, оны көрініс түрінде беруге мүмкіндік береді. Әрине, мұғалімнің ендігі шығармашылық әрекеті – осы мәселелерді жинақтап, жасалған жұмыс барысында оқушылар тарапынан жасалған шығармашылық жұмысты тілдік қарым – қатынас деңгейіне жеткізу. «Mind Map» тәсіліне қысқаша тоқтала кетер болсақ. Тәсілді шетелдік ғалым Т.Бузан ұсынады. Бұл тәсілді басқаша ойды, әңгімені жазып алу техникасы деп атауға болады. Жазу өте жылдам өтеді және оның өзінше құндылықтары бар. Алдымен сөз, ой, мәселе туындайды. Одан кейін қағазда көрсетілуге тиісті ойлар туындайды және олар шектелмейді. Жұмысты жеке және топта жасауға болады. Психофизиологиялық тұрғыдан көп ойды бір уақытта мида сақтап қалу мүмкін емес. Сол себептен ойды көрініс ретінде көрсету келесі ерекшеліктерімен айқындалады: -негізгі ой анық көрініске ие бола алады; - көптеген ұғым, элементтер жеңіл танылып, олардың өзара байланыстары көрінеді; -ассоциативтік ойлау дамытылып, қайталау тез және тиімді түрде өтеді.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Құсайынов А, Ұлттық білім жүйесі // Алматы, 2004
- 2 Әлеуметтік педагогика, №4, 2011
- 3 12 жылдық білім. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал. №6, 2006.
- 4 Қазақстан мектебі. №9, 2012.
- 5 Білімдегі жаңалықтар №1, 2012.

АРНАЙЫ КУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

НҰРПЕИСОВА Н. А.

мұғалім, № 2 Ертіс ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

«Мұғалімнің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болу керек. Ол үшін жаңа формацияның педагогы қажет»

Н. Ә. Назарбаев

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың

